48. Жоғары тұрған бюджеттен трансферттер мен кредиттер алатын төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгертулер енгізу туралы анықтаманы төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Ереженің осы бөлімінде белгіленген тәртіппен және жоғары тұрған бюджеттің тиісті бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі ұсынған жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның анықтамасы негізінде осы Ережеге 27-28-қосымшаларға сәйкес қалыптастырады.

Борышқа қызмет көрсету мен оны өтеуге байланысты шығыстар бойынша төмен тұрған бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган

Ереженің осы бөлімінде белгіленген тәртіппен және жоғары тұрған бюджеттің уәкілетті органы ұсынған жоғары тұрған бюджеттің түсімдердің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама негізінде қалыптастырады.

49. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджет бойынша түсімдер мен қаржыландырудың өзгертілген жиынтық жоспары, міндеттемелер жөніндегі жиынтық қаржыландыру жоспары анықтамасының бір данасын оны бекіткен күннен кейін екі жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қағаз және магнит тасығыштарда береді.

50. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін атқару жөніндегі жергілікті атқарушы орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға электрондық дерекқор түрінде есептіден кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмейтін мерзімде облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша кірістер түсімдерінің нақтыланған жиынтық жоспарын береді, кейіннен оны қағаз тасығышта растайды. Бюджетті атқару жөніндегі орталық өкілетті орган салық, және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға жергілікті бюджеттердің кірістері түсімдерінің нақтыланған жоспарын жібереді.

51. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бюджеттерді нақтылау кезінде мемлекеттік мекемелер дербес қаржыландыру жоспарларын, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері - бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган - жиынтық қаржыландыру жоспарын, міндеттемелер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарын осы Ереженің 6-тарауында белгіленген тәртіппен оларға өзгерістер енгізу арқылы нақтылайды.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жылдық қаржыландыру жоспарын бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде қосымша және өзгертілген бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жылдық жоспарлы сома өзгертілген бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша қаржыландыру жоспарларын өзгертуге өтінім ұсынады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қосымша бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға осы Ереженің 7-15-тармақтарына сәйкес міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарларының жобаларын тапсырады.

52. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бюджетті нақтылауға

дейін жиынтық жоспарларға бюджеттерді түзету негізінде және түсімдер мен шығыстар сомасын олардың экономикалық сипаттамалары бойынша өзгертуді, сондай-ақ оларды ай сайынғы бөлуде өзгертуді талап ететін орынды факторлар туындаған кезде енгізілетін ай сайынғы, сол сияқты шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша түсімдер мен шығыстар сомасының барлық ағымдағы өзгерістері (бұдан әрі - бюджетті түзету) бекітілген бюджеттің электрондық дерек қорының қайталама көшірмесінде жүзеге асырылады.

Бекітілген бюджеттің электрондық дерекқорының қайталама көшірмесіне енгізілетін түзетулер нәтижесінде түзетілген бюджет қалыптастырылады.

53. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға және жергілікті бюджет туралы мәслихат шешіміне, бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлуге байланысты түзетуді қоспағанда, бюджетті нақтылауға дейін жүргізілген түзетуді де ескеретін жылдық қаржыландыру жоспарына енгізілетін өзгерістерді бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджетті іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның қаулыларына сәйкес қалыптастырылған түсімдер мен жиынтық қаржыландыру жоспары, міндеттемелер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспары тиісті қаржы жылына арналған нақтыланған бюджетке сәйкес келеді.

Нақтыланған бюджет бойынша жиынтық жоспарларды қалыптастыру түзетілген бюджетті нақтылағанға дейін қалыптастырылған оның электрондық базасында жүзеге асырылады. Нақтыланған бюджеттің базасын қалыптастыру үдерісі аяқталғаннан кейін деректер электрондық дерек қор көшірмесі түрінде сақталады, оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Нақтыланған бюджеттің қалыптастырылған базасының қайталама көшірмесіне бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша, сондай-ақ басқа да кейінгі орынды өзгерістер бойынша қаржы жылының басынан бастап қолда бар анықтамалар енгізіледі, нәтижесінде түзетілген бюджет қалыптастырылады.

54. Бюджет кодексінің 117-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына және 4-тармағына сәйкес бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша бюджетте бекітілген бюджеттік бағдарламаның қаражатын түрлі бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында бөлу туралы шешім қабылданған кезде, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 6-тарауында белгіленген тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қалыптастыратын түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамалардың негізінде түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық

жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен түзетілген бюджетте осы өзгерістерді көрсетеді.

55. Ағымдағы қаржы жылында өткен жылдың бюджетінде бекітілген, бірақ оның бекітілген жылдық көлемінен он пайыздан аспайтын бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджет қаражатының бос қалдықтарының есебінен қаржыландыруды аяқтауға бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының 10 қаңтарына бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға бюджет қаражатының бос қалдықтары туралы, өткен қаржы жылында іс-шараларды толық орындамау себептерін көрсете отырып, инвестициялық жобалар және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бюджеттік даму бағдарламалары бойынша қаржыландыру жоспарларының орындалуы туралы ақпаратты, сондай-ақ сыртқы қарыздар, гранттар мен бюджеттік кредиттер қаражаты есебінен іске асырылатын бюджеттік даму бағдарламаларын қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша орындалмаған шарттардың тізбесін береді.

56. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы ереженің 55-тармағында көрсетілген ақпараттың негізінде бюджет комиссиясының карауына белгіленген тәртіппен өткен қаржы жылында жасалған шарттар бойынша төленбеген міндеттемелері бар бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін, осы жобаларды ағымдағы қаржы жылында бюджет қаражатының бар бос қалдықтары шегінде қаржыландыру жөнінде ұсыныс енгізеді.

57. Бюджет комиссиясының шешімі негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы және бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулыларының жобаларын әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне енгізеді.

58. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы және республикалық, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулыларына қол қойылған күнінен бастап бес күн ішінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға түзетілген дамуға берілетін

бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша өзгертілген қаржыландырудың жылдық жоспарын, сондай-ақ ағымдағы жылы қаржыландыруға бюджет комиссиясы мақұлдаған шарттардың тізбесін жеткізеді.

59. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 57, 58-тармақтарында санамаланған нормативтік құқықтық актілердің негізінде осы Ереженің 6-тарауында айқындалған тәртіппен түсімдер мен жиынтық қаржыландыру жоспарына және міндеттемелер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізеді.

60. Республикалық бюджет туралы заңды және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бюджет көрсеткіштерінің өзгерістерін, бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлуді және шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері және шығыстар мен түсімдерді айлар бойынша бөлу бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның өтінімдері негізінде жиынтық жоспарларға (орынды факторлар туындаған кезде) енгізілетін өзгерістерді ескере отырып, бекітілген немесе нақтыланған бюджетке сәйкес келетін түсімдер мен жиынтық қаржыландыру жоспары, міндеттемелер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспары түзетілген бюджетке сәйкес келеді.

61. Қаржы жылының ішінде орталық мемлекеттік органдарды, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарды және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді құрған, таратқан, қайта ұйымдастырған, олардың функцияларын өзгерткен жағдайда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган таратылған және қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органдардың құқықтық мирасқорлары жаңадан құрылған мемлекеттік органдардың және оның ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің функцияларын айқындайтын нормативтік құқықтық актілердің негізінде ҚР ББС-ке өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгіленген тәртіппен және бес күн мерзімде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы , бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, оларды бекіткеннен кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға және бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне өзгертілген жылдық жоспарды жеткізеді.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы ереженің 6-тарауында

белгіленген тәртіппен жоспарлы жұмсалымдарды ауыстыру бөлігінде түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді және бұрын берілген рұқсаттарды және кассалық шығыстарды ауыстыруды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу кезінде төмен тұрған бюджетті түзету осы Ереженің 6-тарауында белгіленген тәртіппен кейіннен түсімдер мен жиынтық қаржыландыру жоспарына, міндеттемелер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып, тиісті қаржы жылына жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы мәслихатта бюджетті нақтыламастан төмен тұрған бюджеттің жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

Бұрын берілген рұқсатнамалар мен кассалық шығыстардың жоспарлық тағайындауларын көшіру мемлекеттік мекеменің хаты негізінде мынадай жағдайларда:

мемлекеттік мекеменің орналасқан орнының өзгергенде;

шығыстардың экономикалық жіктеуішінің ерекшелігінің құрылымына шығыстардың түрлерін өзгерту бөлігіне өзгерістер енгізгенде;

шығыстардың экономикалық жіктеуішінің ерекшеліктерін дұрыс емес қолданған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшелері жүзеге асырады.

## 3-бөлім. Бюджетті атқару

### 7-тарау. Бюджеттің атқарылуы туралы жалпы ереже

62. Бюджеттің атқарылуы бюджеттік бағдарламалардың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асыру мақсатында бюджетке барлық бюджет түсімдерінің түрлерін толық және уақтылы төлеумен, оларды Бірыңғай қазынашылық шотына (бұдан әрі - БҚШ) есепке алумен және БҚШ-тан төлемдер мен аударымдарды уақтылы жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

63. Бюджеттің атқарылуы кассалық негізде жүзеге асырылады. БҚШ-ға түсімдерді есепке алу және оларды БҚШ-тан есептен шығару жөніндегі операциялар ақша нысанында есептеледі.

Түсімдер мен шығыстар бойынша есептерді беру нысанын, тәртібі мен мерзімдерін бюджетті атқару бойынша орталық уәкілетті орган белгілейді.

## 4-бөлім. Ұлттық валютада түсімдер бойынша бюджеттің атқарылуы

### 8-тарау. Түсімдерді есепке алу мен бөлу

64. Бюджет кодексіне, "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне , "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі), республикалық бюджет туралы заңға және тиісті қаржы жылына

арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы мәслихаттардың шешімдеріне және Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілеріне сәйкес ұлттық валютада бюджетке түсетін түсімдер ҚР ББС кірістер сыныптамасының кодтары бойынша БҚШ-ға есептеледі.

Деректемелер төлем құжатының "Бюджеттік сыныптама кодтары" деген тор көзіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген ҚР ББС-қа сәйкес толтырылады.

65. Түсімдердің жинақ шотынан тиісті бюджеттер арасында республикалық, жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Ұлттық қор) арасында соманы күн сайын толық бөлу, артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасын қайтару, түсімдердің бюджеттік сыныптамасының кодтары арасында немесе аумақтық салық қызметі органдарының арасында артық төленген салықты есепке алу жүзеге асырылады.

66. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган күн сайын:

1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - ҚБЕО) төлем жүйесі арқылы екінші деңгейдегі банктерден немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан бюджетке түсетін түсімдер жөніндегі электрондық төлем құжаттарын заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдайды;

2) электрондық төлем құжаттарының ресімделу дұрыстығын және толықтығын тексеруді жүзеге асырады;

3) электрондық төлем құжаттары негізінде Түсімдердің жинақ шотына түсімдердің түсуін есепке алуды жүргізеді;

4) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және тиісті мәслихаттардың шешімдеріне сәйкес кірістерді бөлу нормативтері бойынша түсімдер сомасын кейіннен тиісті қолма-қол ақшаны бақылау шотына есептей отырып, республикалық, жергілікті бюджеттер мен Ұлттық қор арасында бөлуді және Ұлттық қорға жіберілетін бюджетке түсетін түсімдер сомасын ҚР ҰБ-дағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоттарына аударуды жүзеге асырады.

67. Түсімдерді бөлуді бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығымен бекітілетін»"Бюджет деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақша бақылау шоты арасындағы түсімдер сыныптамасының түсімдерін бөлу" кестесінің, мұнай операцияларын жүргізу, келісім-шарттар жасасу мен оларды орындау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган тоқсан сайын беретін мұнай операцияларымен айналысатын, сондай-ақ шикі мұнайды және газ конденсатын іске асыратын заңды тұлғалардың тізбесінің және облыс мәслихатының шешімімен белгіленетін облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала,

астана бюджеті және оның аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері арасындағы түсімдерді бөлу нормативтерінің негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

*Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.10.22.* N 977 *(2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2008.04.02* N 313 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулыларымен.*

**9-тарау. Артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасын қайтару және/немесе артық төленген салық сомасын есепке алу**

68. Салық төлеушілерге түсімдердің бюджеттік сыныптамасының кодтары арасындағы, салық қызметі органдарының арасындағы артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасын қайтару және/немесе артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасын есепке алу (бұдан әрі - қайтару және/немесе есепке алу) үшін салық қызметі органы аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем тапсырмаларының тізілімін, қорытындыны және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген нысан бойынша төлем тапсырмаларын екі данада береді.

Қайтаруды және/немесе есепке алуды жүзеге асырғаннан кейін қорытындының және орындалғаны туралы белгісі бар төлем тапсырмаларының бір данасы салық қызметі органына жіберіледі; төлем тапсырмаларының тізілімі және қорытынды мен орындалғаны туралы белгісі бар төлем тапсырмаларының бір данасы аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

Салық қызметінің органдары әкімшілендірмеген түсімдерді қайтаруды және/немесе есепке жатқызуды уәкілетті орган ұсынған жоғарыда аталған артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын қайтару үшін құжаттарға ұқсас құжаттардың негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшесі жүзеге асырады.

69. Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) түсімдері бюджеттік сыныптамасының тиісті ішкі сыныбы бойынша жыл басынан бастап түсімдерді қайтару және/немесе есепке алу сомасы жетіспеген кезде қайтару және/немесе есепке алу облыс бойынша тұтастай алғанда түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті ішкі сыныбы бойынша жыл басынан бастап іс жүзінде түскен сома шегінде жүзеге асырылады. Облыс, республикалық маңызы бар қала , астана бойынша тұтастай алғанда түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті ішкі сыныбы бойынша жыл басынан бастап түсімдерді қайтару және/немесе есепке алу сомасы жетіспеген кезде қайтару және/немесе есепке алу республика бойынша тұтастай алғанда түсімдердің бюджеттік сыныптамасының

тиісті ішкі сыныбы бойынша жыл басынан бастап іс жүзінде түскен сома шегінде жүргізіледі, бұл ретте облыс бойынша бюджет түсімдері сыныптамасының осы ішкі сыныбы бойынша дебеттік қалдықтарға жол беріледі.

70. Шетел валютасында артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасын қайтару үшін салық қызметі органы аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қорытындыны, шетел валютасын айырбастауға арналған өтінімді, шетел валютасын аударуға арналған өтінішті б е р е д і .

Шетел валютасын айырбастау және аудару жөніндегі операциялар осы Ереженің 31-тарауына сәйкес жүзеге асырылады. Қайтару Түсімдердің жинақ шотынан оны кейіннен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның валюта түрлері бойынша шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарға есепке ала отырып жүзеге асырылады. Құжаттарды салық қызметі органдарына беру Астана қаласының уақыты бойынша сағат 11.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Салық қызметі органы не уәкілетті орган шетел валютасында артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасын қайтаруға арналған құжаттарды аумақтық қазынашылық бөлімшесіне уақтылы берілуін, олардың растығын және ресімделу дұрыстығын қамтамасыз етеді.

71. Қайтару және/немесе есепке алу жөніндегі құжаттарды орындау не оларды қайтару себебін көрсете отырып қайтару олардың аумақтық қазынашылық бөлімшесіне түскеннен кейін үш жұмыс күні ішінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Бұл ретте шетел валютасын қайтару жөніндегі құжаттарды орындау не оларды қайтару себебін көрсете отырып қайтару олардың аумақтық қазынашылық бөлімшесіне түскен күні жүзеге асырылады.

## 10-тарау. Төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге бюджеттік алуларды аударудың тәртібі мен мерзімі

72. Бюджеттік алулар тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген сома шегінде төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге беріледі.

73. Бюджеттік алуларды ай сайынғы аударулардың мөлшерін республикалық бюджет туралы заңда немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде көзделген, келесі қаржы жылына арналып бекітілген төмен тұрған бюджеттің кірістері түсімдерінің (азаматтарға пәтерлерді сатудан түсетін соманы қоспағанда, салық, салықтан тыс түсімдер және негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер) сомасына бюджеттік алулар сомасының қатынасы ретінде пайызбен жоғары деңгейдегі бюджетті атқару жөніндегі

уәкілетті орган айқындайды және бекітеді.

Төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі жергілікті атқарушы орган 25 желтоқсаннан кешіктірмей жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі органға келесі қаржы жылына арналған кірістердің болжамды көлемін және түсімдердің жиынтық жоспарының жобасын алдын ала айға бөлуді (ерекшеліктер деңгейіне дейін) береді.

Жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган төмен тұрған бюджеттер кірістерінің мөлшері мен ай сайынғы болжамды көлемінің негізінде бюджеттік алуларды айға бөлуді айқындайды және түсімдер мен міндеттемелердің жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде тиісті жергілікті атқарушы органдарға жеткізеді.

74. Төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынылған төлеуге берілетін шоттың негізінде бюджеттік алулар сомасын төмен тұрған бюджеттің түсімдері мен оны қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген айлық сома шегінде жоғары тұрған бюджет түсімдері бюджеттік сыныптамасының тиісті кодын көрсете отырып, ағымдағы айдың жиырмасыншы күніне дейін аударады.

Осы талапты орындамаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген бюджеттік алулар сомасын толық аударғанға дейін тиісті жергілікті бюджет бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

75. Бюджеттік алуларды аударудың толықтығын бақылауды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады. Бюджеттік алуларды аударудың уақытылылығын бақылауды аумақтық қазынашылық органдары жүзеге асырады.

## 5-бөлім. Шығыстар бойынша бюджетті атқару

### 11-тарау. Рұқсаттар беру

76. Рұқсат - бюджет қаражатының көлемін айқындайтын құжат, мемлекеттік мекемелер олардың шегінде міндеттемелер қабылдайды.

77. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне және олардың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге рұқсаттарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларына және міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына сәйкес береді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге рұқсаттарды мемлекеттік мекемелердің орналасқан жері бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшелері жеткізеді.

78. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне және олардың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге рұқсаттарды бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган береді.

79. Рұқсаттарды беру нысанын, тәртібін және мерзімін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

## 12-тарау. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерді қабылдауы

80. Мемлекеттік мекемелер берілген рұқсаттар сомасы шегінде міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына сәйкес шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша міндеттемелер қабылдайды.

81. Міндеттемелер шарт нысанындағы азаматтық-құқықтық мәмілелерді ( бұдан әрі - шарт) жасасу арқылы, сол сияқты оларсыз да қабылданады.

Шарт жасасу және оларды аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеу міндетті болып табылатын шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Бұл ретте мемлекеттік мекемелердің шартты жасаспай тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуына Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген жағдайларда жол беріледі.

Мемлекеттік мекеменің шығыстарды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесі мыналардың:

1) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алған жағдайларда шот-фактураның, хабарлама-шоттың, шоттың, орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың;

2) мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне төленетін жалақы және басқа да ақша төлемдері, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар, бюджетке жүргізілетін аударымдар, стипендиялар мен жеке тұлғаларға төленетін төлемдер бойынша бастапқы құжаттардың;

3) бюджеттен трансферттер бөлінген жағдайда міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарының;

4) инкассалық өкімнің;

5) осы тізбеге енгізілмеген, ерекше шығындарды және шығыстардың басқа да түрлері бойынша төлем жүргізген кезде төлеуге берілетін шоттардың негізінде қабылданған деп есептеледі.

## 13-тарау. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерді қабылдауына қойылатын талаптар

82. Мемлекеттік мекеменің шарт жасасуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеме шарт жасасқан кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды, сондай-ақ шарттағы деректердің растығын қамтамасыз етеді және оларды сақтамауына/олардың сәйкес келмеуіне жауап береді.

83. Мемлекеттік мекемелер шартты ағымдағы қаржы жылынан аспайтын мерзімге жасаса алады.

84. Мынадай:

мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен үкіметтік сыртқы қарыз бойынша немесе байланысты гранттар бойынша келісім шеңберінде шарт (келісім-шарт) жасасқан (бұдан әрі - қарыз/грант туралы келісім шеңберіндегі шарт);

мемлекеттік мекеме бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру шеңберінде шарттар жасасқан;

мемлекеттік мекеме автокөлік құралдарын иеленушілердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға және мерзімді баспасөзді сатып алуға арналған шарттарды жасасқан жағдайларда қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асып кететін шартты жасасуға жол беріледі.

85. Қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асып кететін шартта жалпы соманы тиісті қаржы жылдары бойынша шартты түрде бөле отырып оны және тиісті қаржы жылдары бойынша орындалатын жұмыстардың (тауарларды жеткізудің, қызметтер көрсетудің) болжалды көлемін және түрлерін көрсете отырып жазады. Шарттың жалпы сомасы, жылдар бойынша оның бөлінуі және жұмыстарды (тауарларды жеткізудің, қызметтер көрсетудің) орындаудың көлемі өзгерген кезде оларды түзету қосымша келісімдерді жасасу жолымен жүзеге асырылады.

86. Мемлекеттік мекеме бір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) шеңберінде рұқсаттың пайдаланылмаған қалдығы шегіндегі сомаға шарт жасасады.

Қолданыстағы бюджеттік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлінген жағдайда, екі бюджеттік бағдарлама бойынша шарттар жасасуға рұқсат етіледі.

Мемлекеттік мекеме ақша алушының біреуімен шығыстардың экономикалық сыныптамасының бірнеше ерекшеліктері бойынша шарт жасасқан жағдайда шартта жалпы соманы шығыстардың бюджеттік сыныптамасының әрбір коды бойынша бөле отырып көрсетеді.

*Ескерту. 86-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.23* N 1206 *Қаулысымен.*

87. Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының әрбір коды бойынша шығыстардың экономикалық сыныптамасының мынадай:
131 "Тамақ өнімдерін сатып алу",
132 "Дәрі-дәрмектер және өзге де медициналық мақсаттағы құралдар сатып алу",
134 "Зат түріндегі мүліктік заттарды және басқа нысандық және арнайы киім-кешектерді сатып алу, тігу және жөндеу",
135 "Ерекше жабдықтар мен материалдар сатып алу",
139 "Өзге де тауарлар сатып алу",
411 "Негізгі құралдарға жататын тауарлар сатып алу",
412 "Үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстар сатып алу" ерекшеліктері үшін ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде авансты қ (алдын ала) төлем жасауға жол беріледі.

Осы Ереженің 87-89-тармақтарында көрсетілген шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша ерекшеліктер мен шығыстар түрлерін қоспағанда, осы тармақта көрсетілген тізбеге енбейтін шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша авансты қ (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына жасалған шарт сомасының 30 пайызынан аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі.

88. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 149 "Өзге де қызметтер мен жұмыстар" ерекшелігі бойынша авансты қ (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының мынадай:

ауруларды шетелде емдеуді көздейтін шығыстарды төлеу үшін 70 пайыздан;

алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдардың ауылда қызмет көрсетуін көздейтін шығыстарды төлеу үшін 50 пайыздан;

осы тармақта көзделген шығыстардың тізбесіне енбейтін шығыстарды төлеу үшін 30 пайыздан аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 145 "Жылытқаны үшін ақы төлеу" ерекшелігі бойынша авансты қ (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 30 пайызынан аспайтын мөлшерде тек отын сатып алуға ғана рұқсат етіледі.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 148 "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі қызметтерді төлеу" ерекшелігі бойынша төлемге үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындаған кезде оларға ғана ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі.

88-1. Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыруды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агентке ақша қаражатын аудару Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайынғы шешімімен

анықталатын астықты көктемгі-жазғы қаржыландыруға және күзгі сатып алуға арналған сома мөлшерінде біржолғы төлемдермен жүзеге асырылады.

Мал шаруашылығы өнімнің мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруды жүзеге асыру кезінде мал шаруашылығы өнімінің мемлекеттік ресурстарын басқару жөніндегі мамандандырылған ұйымға ақша қаражатын аудару тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалатын сома мөлшерінде біржолғы төлемдерден жүзеге асырылады.

*Ескерту. 88-1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.10.08.* N 918 *Қаулысымен.*

89. Автокөлік құралдарын иеленушілердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және мерзімді баспасөзді сатып алу кезінде аванстық (алдын ала) төлемге шарт сомасының 100 пайызы мөлшерінде жол беріледі.

Мемлекеттік-жеке әріптестік негізінде әлеуметтік сала объектілерін салу кезінде ағымдағы қаржы жылына бір жылдан көп мерзімге жасалған шарт сомасынан 100 пайыз мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 30 пайызынан аспайтын аванстық (алдын-ала) төлеу рұқсат етіледі.

Экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылданған жағдайда шарттың жалпы сомасының 70 пайызы мөлшерінде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.

*Ескерту. 89-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.08.17.* N 701 *, 2008.04.16* N 347 *Қаулыларымен.*

90. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 141 "Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу", 144 "Электр энергиясына ақы төлеу" ерекшеліктері бойынша аванстық (алдын ала) төлемге рұқсат етілмейді.

Егер жалға алу шартына сәйкес депозиттік соманы төлеу туралы банк кепілдігін беру туралы талап көзделсе, шығыстардың экономикалық сыныптамасының 147 "Үй-жайды жалдауға ақы төлеу" ерекшелігі бойынша аванстық (алдын ала) төлемге Қазақстан Республикасы шетелдік мекемелерінің жалға алу сомасын төлеуге ғана рұқсат етіледі.

91. Қазақстан Республикасының Парламенті ратификациялаған үкіметтік сыртқы қарыз бойынша келісім шеңберіндегі шарттарда (келісім-шарттарда) осы шартта (келісім-шартта) көзделген аванс беру тәртібі белгіленеді.

92. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарттарға қосымша келісімдер мынадай:

бюджетті нақтылаған, түзеткен, бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына тиісті өзгерістер енгізген;

сапасы, көлемдері өзгермеуі шарты және өнім берушіні таңдау үшін негіз болып табылатын басқа да шарттар кезінде бағаның кемітілуі бөлінісінде шарт

сомасы кемігең;

табиғи немесе мемлекеттік монополия субъектілерімен, сондай-ақ үлесі осындай нарықта жүз пайызға тең белгілі бір тауар нарығында басым (монополиялық) жағдайға ие ақша алушылармен немесе бір көзден алуға баламасы болмаған кезде жасасқан шарттың сомасы өзгерген;

мемлекеттік сатып алу мәні болып табылмайтын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берілген рұқсаттар шегінде сатып алуға арналған шарттың сомасы өзгерген;

шарттың жалпы сомасын өзгертпей, қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асып кететін ағымдағы қаржы жылына арналған шарттың сомасы берілген рұқсаттар шегінде өзгерген;

ББС-ке өзгерістер енгізген;

есеп айырысу тәртібі және/немесе мерзімі және/немесе тараптардың деректемелері және/немесе тауарды (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) мерзімі өзгерген;

жасасқан шарттың талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен шартты бұзған;

өткен жылы орындалмаған және бюджет қаражатының бос қалдықтары және/немесе кепілдік берілген трансферттің пайдаланылмаған сомасы есебінен ағымдағы қаржы жылында қаржыландыруға жататын, осы Ереженің 55 және 436 -тармақтарында көрсетілген шығыстар бойынша шарттың қолданылу мерзімін ұзартқан жағдайларда жасалады. Көрсетілген шарттардың қолданылу мерзімін ұзарту тиісті бюджет комиссиясының ұсынысы бойынша жүргізіледі, оған оң қорытынды берген кезде, бюджеттік бағдарлама әкімшісі тиісті қаулының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізеді.

93. Осы Ереженің 13-тарауында белгіленген талаптарды сақтамаған кезде қайтару себебіне жазбаша негіздеме бере отырып шарт тіркелмей қайтаруға жатады.

94. Мемлекеттік мекеменің екінші деңгейдегі банктермен және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдармен (бұдан әрі - банк) құқықтық қатынастары осы Ережеде белгіленген талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделеді. Бұл ретте жасасқан шарттар банктің мынадай:

мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне төленетін жалақы сомасын және басқа да ақша төлемдерін, стипендияларды карт-шоттарға немесе жинақ ақша шоттарына есепке алу бойынша;

қолма-қол ақшаны кейіннен тиісті қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына

және/немесе мемлекеттік мекемелердің шоттарына есепке алу үшін мемлекеттік мекемелерден қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша;

осы Ережеде көзделген мақсаттарды қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету бойынша көрсететін қызметтерін төлеу бөлігінде аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркеуге жатады.

## 14-тарау. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу үшін мемлекеттік мекемелер беретін құжаттардың тізбесі

95. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінім негізінде жүзеге асырылады, ол мемлекеттік мекеменің шартын немесе тіркелген шартқа қосымша келісімді тіркеу үшін жасалады және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне беріледі.

Шартты сот шешімі бойынша бұзған жағдайда мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесін қоса бере отырып, аумақтық қазынашылық бөлімшесіне тиісті хатты береді.

Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімнің растығы және ресімделу дұрыстығы үшін жауапкершілік мемлекеттік мекемеге жүктеледі.

96. Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінім шарттың ( қосымша келісімнің) түпнұсқасын қоса бере отырып аумақтық қазынашылық бөлімшесіне беріледі.

Қарыз/грант туралы келісім шеңберінде шартты тіркеу үшін азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімді мемлекеттік мекеме осы шартты және Қазақстан Республикасының Парламенті ратификациялаған үкіметтік сыртқы қарыз жөніндегі келісімді (келісім-шартты) (байланысты гранттар бойынша келісімді (келісім-шартты) қоса береді.

Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімге осы тармақта көзделген құжаттардан басқа, мемлекеттік мекеме мынадай:

1) заңды тұлға болып табылатын ақша алушының мынадай құжаттары:

заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесін;

клиентті салық есебіне қою фактісін растайтын, салық қызметі органы берген құжаттың нотариалды расталған көшірмесін;

ағымдағы шоттың нөмірін көрсете отырып, оның бар екендігі туралы банктің анықтамасын;

2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын ақша алушының мынадай құжаттары:

жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесін;

клиентті салық есебіне қою фактісін растайтын, салық қызметі органы берген құжаттың нотариалды расталған көшірмесін;

ағымдағы шоттың нөмірін көрсете отырып, оның бар екендігі туралы банктің

анықтамасын;

3) біржолғы төлемдерден табыс алатын жеке тұлға болып табылатын ақша алушының мынадай құжаттары:

жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесін;

клиентті салық есебіне қою фактісін растайтын, салық қызметі органы берген құжаттың нотариалды расталған көшірмесін;

салымшы кітапшасының (жинақ ақша кітапшасының) (ақша алушының деректері және жинақ ақша шотының нөмірі көрсетілген парақтарды ғана) немесе төлем карточкасының нотариалды расталған көшірмесін қоса береді.

97. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 96-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Ережеге 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілесін тіркеуге арналған өтінімдердің тізілімін береді.

Мемлекеттік мекеме шарт жасасқан немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органдардың) шешімдеріне сәйкес міндеттеме қабылдаған кезде мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органдардың) тиісті шешімдерінің көшірмелерін қосымша береді.

98. Қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асып кететін шарт ағымдағы қаржы жылының сомасына аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеледі. Келесі жылдары аталған шартты тіркеу азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімнің негізінде тиісті қаржы жылының шарт сомасына жүргізіледі.

99. Егер шарт талаптарында шарт талаптарын тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстау көзделген жағдайда, мемлекеттік мекеменің ақша алушымен тиісті бюджеттің кірісіне мемлекеттік мекеменің ұсталған тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімақы) сомасын аудару туралы қосымша келісім жасасуға жол беріледі. Бұл ретте мемлекеттік мекеме екі өтінім (бірінші өтінім ұсталған айыппұл (өсімақы, тұрақсыздық айыбы) сомасын шегере отырып, шарт сомасына, екіншісі ұсталған тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімақы) сомасына беріледі) береді. Мемлекеттік мекеменің қосымша келісімді беруі негізгі шарт бойынша "түпкілікті" деген мәртебесі бар төлемді жүргізгенге дейін жүзеге асырылады.

## 15-тарау. Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімді ресімдеу және беру

*Ескерту. 101-тармаққа өзгерту енгізіледі - ҚР Үкіметінің 2007.04.30.* N 352 *(2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

100. Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінім (бұдан әрі - өтінім) осы Ережеге 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

101. Өтінім мынадай жолмен толтырылады:

"Мемлекеттік мекеме" тор көзінде мемлекеттік мекеменің жеті белгіден тұратын коды көрсетіледі;

"Бюджет түрі" тор көзінде қаражаты есебінен мемлекеттік мекеме ұсталатын бюджет түрін білдіретін нышан көрсетіледі:

01 - республикалық бюджет;

02 - облыстық бюджет (республикалық маңызы бар қала (астана) бюджеті);

03 - аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті;

"Қаржыландыру көзі" тор көзінде қаражаты есебінен шарт жасасқан қаржыландыру көзінің түрін білдіретін нышан көрсетіледі:

1 - үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша ортақ қаржыландыру қаражатын қоспағанда бюджет қаражаты есебінен;

2 - үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша ортақ қаржыландыру қаражаты есебінен;

3 - мемлекеттік мекеменің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша есебінен;

"N өтінім" тор көзінде мемлекеттік мекеменің жеті белгіден тұратын кодынан, бөлшек арқылы төлем немесе ақша аудару жүзеге асырылатын ағымдағы қаржы жылының соңғы екі санынан, дефис арқылы мемлекеттік мекеменің өтінімдерін тіркеу журналындағы жазбаның реттік нөміріне сәйкес келетін реттік нөмірден тұратын өтінім нөмірі көрсетіледі;

"Күні" тор көзінде өтінімді жасау күні көрсетіледі;

"Мемлекеттік мекеменің атауы" тор көзінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес келетін мемлекеттік мекеменің толық атауы көрсетіледі;

"Шығыс сипаттамасы" тор көзінде шарттың мәні, сондай-ақ бюджеттік бағдарлама паспортынан іс-шара; қарыз/грант туралы келісім шеңберіндегі шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі;

"Шығыстардың бюджеттік сыныптама коды" тор көзінде тоғыз белгіден тұратын шығыстардың бюджеттік сыныптамасының бірыңғай коды (бюджеттік бағдарлама әкімшісі, бюджеттік бағдарлама, кіші бағдарлама кодтарының үш белгісін білдіреді) және үш белгіден тұратын шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің коды көрсетіледі; мемлекеттік мекеменің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша есебінен жасасқан шартты тіркеу үшін тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлерінің коды қосымша көрсетіледі;

"Ақша алушының атауы, СТН-і, ЖСК-сі және заңды мекен-жайы, ақша алушының банкі атауы және БСК-сі" тор көзінде ақша алушының толық атауы,

заңды мекен-жайы, салық төлеушіні тіркеу нөмірі және оның банк деректемелері (оған қызмет көрсететін банктің ЖСК-сі, атауы және БСК-сі) көрсетіледі; егер ақша алушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда осы тор көзде резидент еместің және ҚР ҰБ деректемелері көрсетіледі;

"Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы" тор көзінде жасасқан шарттың талаптарына сәйкес жеткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) не тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тобының атаулары көрсетіледі ;

"Бағасы" тор көзінде тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрінің бірлігі үшін ҚҚС-ті есептей отырып, ұлттық валютадағы бағасы көрсетіледі;

"Саны" тор көзінде тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрі бойынша саны көрсетіледі;

"Сомасы" тор көзінде тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрі бойынша жалпы құны санмен көрсетіледі;

"БАРЛЫҒЫ" тор көзінде барлық тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) ұлттық валютадағы жалпы құны жазумен көрсетіледі;

"БАСШЫЛАРДЫҢ ҚОЛЫ" бөлімінде орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның), ал мұндай болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығына сәйкес бірінші және екінші қол қою құқығы бар мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғаларының аты-жөні көрсетіледі, қол қойылған күнін көрсете отырып олардың қолтаңбалары және мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөрі қойылады. Қолтаңбалар қолтаңбалар мен мөртаңба үлгілері бар құжатқа сәйкес қойылады;

"ТӨЛЕМ КЕСТЕСІ" бөлімінде:

"негіздеме құжат" тор көзінде шарттың (қосымша келісімнің) нөмірі мен күні көрсетіледі;

"өтінім %" тор көзінде шарттың талаптарында көзделген аванстық (алдын ала ) төлем мөлшерінің пайыздық және жиынтық арақатынасы көрсетіледі (егер шартта аванстық (алдын ала) төлем көзделмесе, бұл тор көз толтырылмайды);

"төлеу кезеңі" тор көзінде жеткізілген тауарларға (орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) аванстық (алдын ала) төлемді өтеуді есептей отырып, ақы төлеуді жүзеге асыру жоспарланып отырған уақыт кезеңі (ай немесе тоқсан) көрсетіледі, "сомасы" тор көзінде сома санмен көрсетіледі.

*Ескерту. 101-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

102. Қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асып кететін шартты тіркеу үшін "Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы", "Бағасы", "

Саны", "Сомасы" тор көздерінде тиісінше жеткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) не тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тобының атаулары, тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрінің бірлігі үшін ҚҚС-ті есептей отырып, ұлттық валютадағы бағасы, ағымдағы қаржы жылында сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрі бойынша саны және ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасы көрсетіледі.

103. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілесін тіркеуге арналған өтінімдерін тіркеу журналын (бұдан әрі - Журнал) мемлекеттік мекеме осы Ережеге 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді. Журнал нөмірленген, тігінделген және біріктірілген болуы тиіс, беттердің жалпы санын көрсете отырып, елтаңбалы мөр таңбамен және орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның), ал мұндай болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеме басшысының немесе өзі өкілеттік берген тұлғаның қолтаңбасымен мөрленеді.

Жазбалар хронологиялық тәртіппен жүргізіледі, өтінімді жасау күні журналда көрсетілген күнге сәйкес келуі тиіс. Ағымдағы қаржы жылы аяқталғанда журналда бос беттер болған кезде оны келесі жылы пайдалануға болады, бұл ретте жазбалардың нөмірлері басынан басталады.

*Ескерту. 103-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

104. Түрлерінің тізбесі екі бірліктен асатын тауарларды сатып алу кезінде, не тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бірыңғай өлшеуіші болмаған кезде "Бағасы" тор көзі толтырылмайды, "Саны" тор көзіне бір саны қойылады, "Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы" тор көзінде тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тобының атауы көрсетіледі.

105. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының бірнеше ерекшелігі бойынша бір бюджеттік бағдарлама, кіші бағдарлама шеңберінде шарт жасасқан кезде өтінімдер шығыстардың әрбір бюджеттік сыныптама коды (бұдан әрі - шығыстардың БСК-сі) бойынша шарт сомасын көрсете отырып, шығыстардың әрбір БСК-сі бойынша жасалады және беріледі. Бұл ретте мемлекеттік мекеме барлық өтінімдерді бір уақытта береді.

106. Қол қою құқығы бар тұлғалар болмаған жағдайда өтінімге бұйрыққа сәйкес қол қою құқығы жүктелген тұлғалар қол қояды.

107. Өтінімді аумақтық қазынашылық бөлімшесі онда көрсетілген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қабылдайды.

Өтінімдер қабылдауды аумақтық қазынашылық бөлімшесі жергілікті уақыт бойынша сағат 16.00-ге дейін жүзеге асырады.

108. Өтінімді аумақтық қазынашылық бөлімшесіне берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орындалады не орындалмай қайтарылады.

Өтінім мемлекеттік мекемеге жазбаша негіздеме бере отырып, аумақтық қазынашылық органы басшысының немесе өзі өкілеттік берген тұлғаның қолтаңбасымен орындалмай қайтарылады.

109. Шарт шетел валютасында тіркелген кезде өтінім сомасы тіркеу күніне Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес белгіленген теңгенің шетел валютасына шаққандағы нарықтық бағамы бойынша есептелген ұлттық валютада келтіріледі.

110. Қосымша келісімді тіркеуге арналған өтінім қосымша келісімнің деректемелерін ескере отырып, осы Ережеде көзделген тәртіппен толтырылады.

Шарт сомасы өзгерген кезде мемлекеттік мекеме бұрын орындалған міндеттемелерді (кассалық шығыстарды) шегере отырып, шарттың жаңа сомасына арналған өтінімді береді.

Өткен қаржы жылында орындалмаған және бюджет қаражатының бос қалдықтары және/немесе кепілдік берілген трансферттің пайдаланылмаған сомасы есебінен ағымдағы қаржы жылында қаржыландыруға жататын шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға қосымша келісімді тіркеу үшін өтінім өткен жылдың бюджетінде бекітілген инвестициялық жобаның жылдық көлемінің он пайызынан аспайтын сомасына жасалады және беріледі.

Өткен қаржы жылында орындалмаған қолданылу мерзімі бір жылдан артық және кепілдік берілген трансферттің пайдаланылмаған сомасы есебінен ағымдағы қаржы жылында қаржыландыруға жататын шарт бойынша өтінім өткен қаржы жылындағы пайдаланылмаған шарт сомасының қалдығына және ағымдағы қаржы жылының шарт сомасына тең жалпы сомаға жасалады және беріледі.

**16-тарау. Мемлекеттік мекемелердің шарттарын және азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге арналған өтінімдерді тексеру тәртібі**

111. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне тіркеуге берілген шартты мыналарға:

мемлекеттік мекеме атауы көрсетілуінің дұрыстығына;

бюджеттік бағдарлама, кіші бағдарламалар, ерекшеліктер кодының және атауының болуына;

шарт мәнінің Шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымына сәйкес шығыстардың бағытталуына сәйкестігіне;

шарт сомасының берілген рұқсаттар қалдығынан асып түспеуіне;

аванстық төлем пайызының осы Ережеде белгіленген мөлшерден асып түспеуіне;

жазумен көрсетілген соманың санмен көрсетілген сомаға сәйкестігіне;

шарттағы қолтаңбалардың және мөртаңбалардың қолтаңбалар мен мөртаңбалар үлгілері бар құжатқа сәйкестігіне тексеруді жүзеге асырады.

112. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі өтінімді мыналарға:

белгіленген нысанға сәйкестігіне;

өтінім деректемелерінің шарт деректемелеріне сәйкестігіне;

мемлекеттік мекеме атауының және кодының оның Мемлекеттік мекемелер анықтамалығында көзделген атауына және кодына сәйкестігіне;

ақша алушы деректемелерінің Ақша алушылар анықтамалығында көзделген деректемелерге сәйкестігіне;

өтінімдегі қолтаңбалардың және мөр таңбалардың қолтаңбалар мен мөртаңбалар үлгілері бар құжатқа сәйкестігіне;

осы Ереженің 96, 97-тармақтарында көзделген құжаттардың бар болуына;

жазылған соманың санмен берілген сомаға сәйкестігіне;

өтінімнің қолданылу мерзімінде берілуіне тексеруді жүзеге асырады.

113. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі өтінімді және оған қоса берілген құжаттарды олардың осы Ереженің 111, 112-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда қайтарады.

## 17-тарау. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелерін (міндеттемелерін) тіркеу туралы хабарламаны қалыптастыру және беру

114. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелерін (міндеттемелерін) тіркеу туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) мемлекеттік мекеменің ақша алушымен жасасқан шартының тіркелуін растайтын құжат болып табылады.

Хабарлама аумақтық қазынашылық бөлімшесінде шарт нысанындағы азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеген кезде ғана беріледі.

Хабарлама ҚБАЖ-да бекітілген өтінім деректемелерінің негізінде ҚБАЖ-да қалыптастырылады.

115. Хабарлама аумақтық қазынашылық бөлімшесіне өтінімді берген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік мекемеге беріледі.

Шартты (қосымша келісімді) тіркеу кезінде хабарлама осы Ережеге 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

116. Шартты (қосымша келісімді) мынадай:

5 (бес) миллион теңгеден аспайтын сомаға тіркеу кезінде хабарлама үш данада қалыптастырылады;

5 (бес) миллион теңгеден асатын сомаға тіркеу кезінде хабарлама төрт данада қалыптастырылады.

117. Мыналар:

тіркелген шарттың сомасы;

шарттың қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асып кететін

ағымдағы қаржы жылына арналған тіркелген шарттың сомасы;
тараптардың атауларын қоспағанда, тараптардың деректемелері;
өзгертілетін қосымша келісімді тіркеген жағдайда бұрын ҚБАЖ-да қалыптастырылған хабарлама жабылады және жаңа хабарлама қалыптастырылады.

Тараптардың атаулары өзгерген жағдайда хабарлама жабылмай түзетіледі.

Негізінде қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асып кететін бұрын тіркелген шарттың ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасы тіркелетін өтінімді ҚБАЖ-да бекіткен кезде хабарлама ағымдағы қаржы жылының сомасына қалыптастырылады.

118. Хабарламаға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы немесе өзі өкілеттік берген тұлға, және тіркеу күнін көрсете отырып қол қояды және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе өзі өкілеттік берген тұлғаның және мемлекеттік мекеменің гербтік мөрлерінің бедерлерімен куәландырылады.

119. Бұл ретте Хабарламаны бірнеше бетте қалыптастырған жағдайда Хабарламаның әр бетіне аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы тіркеу күнін көрсете отырып, қол қояды және мөртабан басады.

120. Хабарламаның бір данасы аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады, қалған даналары мемлекеттік мекемеге шарт (қосымша келісім) түпнұсқасының әр бетіне мөртабан басып және ақша алушының осы Ереженің 96-тармағында көзделген құжаттарымен бірге береді.

121. Мемлекеттік мекеме ақша алушыға орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндай болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтері қол қойған және мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөр таңбасымен расталған мыналарды:
шартты (қосымша келісімді) 5 (бес) миллион теңгеден аспайтын сомаға тіркеу кезінде алынған екі хабарламаның біреуін;
осы шартты (қосымша келісімді) 5 (бес) миллион теңгеден асатын сомаға тіркеу кезінде алынған үш хабарламаның екеуін береді.

*Ескерту. 121-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

122. Ақша алушы 5 (бес) миллион теңгеден асатын сомаға тіркелген шарт ( қосымша келісім) бойынша алынған екі хабарламаны алған кезде хабарламаның бір данасын оған ағымдағы шотты ашқан екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға (бұдан әрі - банк ) береді.

Ақша алушы мемлекеттік мекемеде қалатын хабарлама данасына ғана қол

қояды және мөр таңбамен растайды. Бұл ретте ақша алушы қол қоюды және мөр таңба басуды мемлекеттік мекеменің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт (қосымша шарт) бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүргізуі үшін жүзеге асырады.

Егер ақша алушы жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға болып табылатын жағдайда хабарламада оның қолтаңбасы ғана болады.

123. Мемлекеттік мекеме "түпкілікті" мәртебесі бар төлеуге берілетін шотқа қоса аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ақша алушының қолтаңбасы және мөр таңбасы бар хабарламаны береді.

Ақша алушы басқа елді мекенде орналасқан кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қолтаңба мен мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөрінің түпнұсқасымен расталған ақша алушының қолтаңбасы және мөр таңбасы бар хабарламаның факстан алынған көшірмесін беруге жол беріледі.

"Түпкілікті" мәртебесі бар төлеуге берілетін шотты жүргізгеннен кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесі осы ережеге 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламаны екі данада қалыптастырады. Хабарламаға тіркеу күнін көрсете отырып, жауапты орындаушы, аумақтық қазынашылық бөлімшесінің басшысы қол қояды, ол жауапты орындаушының мөртабанымен және аумақтық қазынашылық бөлімшесінің елтаңбалы мөр таңбасымен расталады. Хабарламаның бір данасы мемлекеттік мекемеге орындалған және тіркелген міндеттемелердің есебін жүргізу үшін беріледі, екінші данасы мемлекеттік мекеменің қабылдаған міндеттемелерін жабу үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

## 18-тарау. Ұлттық валютада төлемдерді және ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібі

124. Мемлекеттік мекемелердің төлемдері мен ақша аударымдары қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы немесе мемлекеттік мекемелер шоттарындағы қалдықтар шеңберінде жүргізіледі. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттарының және мемлекеттік мекемелер шоттарының жеке сәйкестендіру кодтары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығымен белгіленген тәртіппен беріледі және тиісті аумақтық қазынашылық бөлімшелері мен мемлекеттік мекемелерге дейін жеткізіледі.

Жеке жоспар шығыстарының бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша жоспарлы тағайындау болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесі төлеуге берілетін шотты орындаусыз қайтарады.

Қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттарында ақша жеткіліксіз болған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесі шұғыл тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың шешімдері

айқындаған бюджет шығыстарының басым бағыттары бойынша төлемдер жүргізіледі, қалған төлемдер төлеуге берілетін шоттардың түсу кезектілігіне қарай жүргізіледі. Бұл ретте, ҚБАЖ-ға енгізілген төлеуге берілетін шотты орындау үшін оның жұмыс істеу мерзімі ішінде жеткілікті сомада ақша болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда, төлеуге берілетін шоттар мемлекеттік мекемеге орындалмастан қайтарылады.

БҚШ-дан ақшаны есептен шығару бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ҚР ҰБ белгілеген тәртіппен төлем жүйелері арқылы жіберілген электрондық төлем құжаттары негізінде жүргізіледі.

125. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік мекемелерден төлеуге берілетін шотты қабылдауды аумақтық қазынашылық бөлімшесінің басшысы бекіткен және мемлекеттік мекемелерге жеткізілген мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету кестесіне сәйкес жергілікті уақыт бойынша сағат 16.00-ге дейін жүзеге асырады. Бұл ретте, банк кассасынан чек бойынша қолма-қол ақшаны алуға арналған құжаттар жергілікті уақыт бойынша сағат 13.00-ге дейін қабылданады.

126. Мемлекеттік мекеме:

мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету кестесінің сақталуын;

төлеуге берілетін шоттардың дұрыс толтырылуын және көрсетілген деректемелердің растылығын;

төлеуге берілетін шоттарды беру негізділігін;

осы Ережеде көзделген жағдайларда төлеуге берілетін шоттармен бірге ұсынылатын құжаттарда көрсетілген деректемелердің растылығын қамтамасыз етеді.

127. Қолма-қол емес және қолма-қол ақша түрінде төлемдер мен ақша аударуды мыналардың:

бюджет қаражаты;

мемлекеттік мекемелер өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды , қызметтерді) сатудан түсетін ақша;

жеке немесе заңды тұлға оны қайтарып алу шартымен мемлекеттік мекемеге беретін ақша;

демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер есебінен жүзеге асыру;

мемлекеттік мекеменің төлеуге берілетін шоттарды қалыптастыруын және аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жүргізуін;

аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеуге жататын шарт нысанындағы азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша мемлекеттік мекемелерге өтінімді беру және аумақтық қазынашылық бөлімшесінде хабарламаны қалыптастыруды қамтиды.

128. Мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне төлеуге берілетін шотты ұсынғанға дейін оны төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналына тіркейді. Төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналы журналдағы беттердің жалпы санын көрсете отырып, нөмірленген, тігілген және елтаңба мөрі қойылған және орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның), ал мұндай болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеме басшысының немесе өзі өкілеттік берген тұлғаның қолымен расталған осы Ережеге 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі. Төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналындағы жазу төлеуге берілетін шоттарды қалыптастыру шамасына қарай хронологиялық тәртіпте жүргізіледі. Бұл ретте, төлеуге берілетін шотта көрсетілген күн төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналында көрсетілген тіркеу күніне сәйкес келуі тиіс. Төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналында ағымдағы қаржы жылы аяқталғанда бос беттер болған кезде келесі жылғы жазулар үшін пайдалануға болады, бұл ретте, жазулардың нөмірленуі қайтадан басталады.

*Ескерту. 128-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

129. Осы Ережеге 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлеуге берілетін шот аумақтық қазынашылық бөлімшесіне онда көрсетілген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде ұсынылады.

130. Мемлекеттік мекеме төлемдерді және ақша аударымдарын жүргізу үшін қазынашылық аумақтық бөлімшелеріне осы Ережеге 37-қосымшаға сәйкес төлеуге берілетін шоттардың тізілімін, осы Ережеде көзделген құжаттардың қосымшаларын қоса бере отырып, төлеуге берілетін шоттарды ұсынады.

Төлеуге берілетін шоттар және төлеуге берілетін шоттардың тізілімі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада ұсынылады.

Төлеуге берілетін шоттардың тізілімінде мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынатын барлық төлеуге берілетін шоттар, және осы Ережеде көзделген жағдайларда төлеуге берілетін шоттарға қоса берілетін құжаттар көрсетіледі.

131. Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің жауапты орындаушысы төлеуге берілетін шоттары және оларға құжаттары қоса берілген төлеуге берілетін шоттардың тізілімін екі данада қабылдайды, олардың жинақтылығын, 19-23-тарауларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді. Төлеуге берілетін шоттар және төлеуге берілетін шоттар тізіліміне қоса берілген құжаттар санының төлеуге берілетін шоттар тізілімінде көрсетілген олардың санына және 19-23-тарауларда белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде тізілімнің екі данасына қолтаңбасын, күнін және мөртаңбасын қояды. Төлеуге берілетін шоттар тізілімінің қол қойылған және мөрленген данасы мемлекеттік мекемеге қайтарылады, төлеуге берілетін шоттары мен оларға құжаттары қоса берілген төлеуге берілетін шоттар тізілімінің екінші данасы аумақтық қазынашылық бөлімшесінде одан әрі орындау үшін қалады.

Шарт жасаспай, тек осы тармақта көрсетілген құжаттардан басқа тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу кезінде мемлекеттік орган ақша алушының мынадай болып табылатын құжаттарды:

1) заңды тұлға болып табылатын ақша алушының мынадай құжаттары:

заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесін;

клиентті салық есебіне қою фактісін растайтын, салық қызметі органы берген құжаттың нотариалды расталған көшірмесін;

ағымдағы шоттың нөмірін көрсете отырып, оның бар екендігі туралы банктің анықтамасын;

2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

өзін растайтын құжаттың нотариалдық расталған көшірмесі;

салық қызметі органы берген клиенттің салықтық есептегі фактісін растайтын құжаттың нотариалдық расталған көшірмесі;

жеке сәйкестендіру кодын көрсете отырып, ағымдағы шоттың болуы туралы банк анықтамасы;

3) біржолғы төлемдерден табыс алатын жеке тұлға;

өзін растайтын құжаттың нотариалдық расталған көшірмесі;

салық қызметі органы берген клиенттің салықтық есептегі фактісін растайтын құжаттың нотариалдық расталған көшірмесі;

ақша салымшысының кітапшасы (жинақ кітапшасы) (ақша алушының деректері және жинақ ақша шотының нөмірі көрсетілген парақтарды ғана) немесе төлем карточкасының нотариалдық расталған көшірмелері ұсынылады.

132. Төлем жүргізілгеннен кейін төлеуге берілетін шоттың және 5-15 " Мемлекеттік мекемелердің төлемдерін жүргізу жөніндегі күнделікті көшірмесі" нысаны бойынша қалыптастырылған есебінің екінші данасы төлем жүргізілген күнін көрсете отырып, қазынашылық аумақтық бөлімшелері жауапты

орындаушысының қолымен және мөрімен растайды және оны ақша алушының құжатымен бірге осы Ереженің 131-тармағында көзделген мемлекеттік мекемеге беріледі.

133. Төлеуге берілетін шот орындалады не аумақтық қазынашылық бөлімшесі оны қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орындалмай қайтарылады.

Төлеуге берілетін шот мемлекеттік мекемеге аумақтық қазынашылық бөлімшесі басшысының немесе өзі өкілеттік берген тұлғаның қолымен жазбаша негіздемесі бар атқарусыз қайтарылады.

134. Мемлекеттік мекеменің төлеуге берілетін шотының атқарылу күні бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бекіткен 5-15 " Мемлекеттік мекеменің төлемдерін жүргізу жөніндегі күнделікті үзінді көшірме" нысанындағы есепке бекітілген төлеуге берілетін шотты енгізген күні болып табылады.

135. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі және қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекеме арасындағы кассалық шығыстарды салыстыру бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органмен бекітілген 4-20 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысаны бойынша тоқсанның соңғы айынан кейінгі келесі айдың бірінші күні жүргізіледі. Нысан аумақтық қазынашылық бөлімшелері және оның құрылымдық бөлімшелері басшыларының, орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндай болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеме басшылары және бас бухгалтерінің қолдарымен, және олардың елтаңбалы мөр таңбаларымен расталады.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган 5-34 "Тиісті қолма-қол ақшаны бақылау шоттарының ахуалы туралы есеп" нысаны бойынша тиісті жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарды ай сайын тексеруді жүргізеді.

*Ескерту. 135-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

## 19-тарау. Төлеуге берілетін шотты ресімдеу тәртібі

*Ескерту. 136-тармаққа өзгерту енгізіледі - ҚР Үкіметінің 2007.04.30.* N 352 *( 2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

136. Төлеуге берілетін шот былайша толтырылады:

"N төлеуге берілетін шот" тор көзінде мемлекеттік мекеменің жеті санды кодынан тұратын, төлем мен ақша аудару жүзеге асырылатын ағымдағы қаржы жылының соңғы екі саны бөлшек сызығы арқылы, дефис арқылы - төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналындағы жазбаның реттік нөміріне сәйкес келетін реттік нөмірінен тұратын төлеуге берілетін шоттың нөмірі көрсетіледі;

"Күні" жолында төлеуге берілетін шот үзінді көшірмесінің күні көрсетіледі;

"Мемлекеттік мекеме" бөлімінде:

"Бюджеттік шот" тор көзінде Мемлекеттік мекемелердің анықтамалығына сәйкес мемлекеттік мекеменің жеті белгіден тұратын коды көрсетіледі;

"Атауы" тор көзінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес келетін мемлекеттік мекеменің толық атауы көрсетіледі;

"СТН" тор көзінде салық қызметі органы мемлекеттік мекемеге беретін салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"АҚБ" тор көзінде мемлекеттік мекемеге қызмет көрсететін аумақтық қазынашылық органының атауы көрсетіледі;

"БСК" тор көзінде 195301070 көрсетіледі;

"ЖСК" тор көзінде мыналар:

мемлекеттік мекеменің қаржыландыру көзіне қарай республикалық бюджетке (облыстық бюджетке (республикалық маңызы бар қала (астана) бюджетіне) не аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне түсетін түсімдер;

мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуынан түсетін түсімдері және олар бойынша жүргізілген төлемдер;

мемлекеттік мекемелер үшін демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер және олардың есебінен жүргізілетін төлемдер;

олар бірінші талап ету бойынша немесе қандай-да бір мерзімнен кейін толық немесе бөліктермен, алдын ала келісілген үстемақымен немесе онсыз, тікелей жеке немесе заңды тұлғалар немесе тиісті республикалық немесе жергілікті бюджеттерге берілуі тиістігіне қарамай атаулы мәнде оларды қайтарымды шартта мемлекеттік мекемеге жеке немесе заңды тұлға беретін ақша бойынша операцияларды есепке алу үшін қолма-қол ақшаны бақылау шотының тиісті жеке сәйкестендіру коды;

сайлауды қаржыландыруға арналған шоттар;

нысаналы қаржыландыру шоттары көрсетіледі;

"Қаржыландыру көзі" тор көзінде қаражатының есебінен төлем мен ақшаны аудару жүзеге асырылатын қаржыландыру көзінің түрін білдіретін нышан көрсетіледі:

1 - үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатын қоспағанда, бюджет қаражатының есебінен;

2 - үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатының есебінен;

3 - мемлекеттік мекемелердің өздерінің иелігінде қалған тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) сатуынан түсетін ақшаның есебінен;

4 - демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін түсімдердің қаражаты есебінен;

5 - жеке немесе заңды тұлға қайтарымды шарттарда мемлекеттік мекемеге беретін ақшаның есебінен;

8 - ерекше шығындардың есебінен;

"Бюджет түрі" тор көзінде қаражатының есебінен мемлекеттік мекеме ұсталатын бюджет түрін білдіретін нышан көрсетіледі:

01 - республикалық бюджет;

02 - облыстық (республикалық маңызы бар қала (астана)) бюджет;

03 - аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті,

"Шығыстардың БСК" тор көзі бюджет қаражатының немесе мемлекеттік мекемелердің өздерінің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуынан түсетін ақшаның есебінен төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру кезінде ғана толтырылады; онда кезектілікпен үш белгіден бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, бюджеттік бағдарлама, шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшелігі кодтарын білдіретін он екі белгіден тұратын код көрсетіледі,

"Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) коды" мемлекеттік мекемелердің өздерінің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуынан түсетін ақшаның есебінен төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру кезінде оларды сатудан түскен ақша мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалатын , олар сататын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) коды көрсетіледі,

"Ақшаны алушы" бөлімінде:

"Атауы" тор көзінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес келетін ақшаны алушының атауы,

"СТН" тор көзінде - салық қызметі органы ақша алушыға берген салық төлеушінің тіркеу нөмірі,

"Банк" тор көзінде ақшаны алушыға қызмет көрсететін банктің атауы көрсетіледі,

"БСК" тор көзінде ақшаны алушы банкінің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі,

"ЖСК" тор көзінде банктегі ақшаны алушының ағымдағы шотының нөмірі көрсетіледі,

"Делдалдың БСК, ЖСК" тор көзінде қызмет көрсететін банк шотының нөмірі, банктік сәйкестендіру коды, делдал банктің жеке сәйкестендіру коды көрсетіледі,

"Түсімдер БСК" тор көзінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша төлем жүргізілетін түсімдердің бюджеттік сыныптамасының коды көрсетіледі (бюджетке төлемдерді жүзеге асыру кезінде ғана толтырылады),

"Төлем мәртебесі" тор көзінде "ағымдағы" немесе "түпкілікті" көрсетіледі,

"Төлемнің тағайындалуы" тор көзінде: төлемді тағайындау, негізінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу жүзеге асырылатын құжаттың атауы, нөмірі мен күні (шот немесе хабарлама-шот немесе шот-фактура немесе орындалған жұмыстардың актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа құжат) және қосымша:

тіркелген шарттар (қосымша келісімдер) жөніндегі төлеуге берілетін шоттар бойынша - хабарламаның нөмірі мен күні;

төлем жүзеге асырылатын кезең;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ осы аударымдар жүзеге асырылатын міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды төлеу кезінде мемлекеттік мекеменің заңды тұлға болып табылатын құрылымдық бөлімшелердің атауы мен СТН, "Тауардың (жұмыстың, қызметтердің) атауы" тор көзінде сатып алу тіркелген шарттың талаптарымен шартталған немесе шарт жасаусыз негізінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу жүзеге асырылатын құжатты көзделген тауарлардың ( жұмыстардың, қызметтердің) түрі немесе тобы көрсетіледі.

"Өлш. бірл" тор көзінде сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрінің өлшем бірлігі көрсетіледі;

"Саны" тор көзінде бірлікте сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрінің саны көрсетіледі;

"Бағасы" тор көзінде теңгемен тауардың (жұмыстың, қызметтің) әрбір түрінің бір бірлігі үшін баға көрсетіледі; ҚҚС салынатын тауарды (жұмысты, қызметті) сатып алу кезінде осы тор көзде жеткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағасы ҚҚС сомасының ескере отырып келтіріледі;

"Сомасы" тор көзінде теңгемен тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрі бойынша жалпы құны көрсетіледі;

"Төлеуге берілген жиыны" тор көзінде сандармен төлеуге берілетін шоттың қорытынды сомасы көрсетіледі;

"Жазумен сомасы" тор көзінде сандармен берілген қорытынды сомаға сәйкес келетін жазумен берілген төлеуге берілетін шоттың қорытынды сомасы көрсетіледі,

"Бюджеттік бағдарламаның паспортынан іс-шаралар" тор көзінде бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары тармағының атауы көрсетіледі,

"М.О." тор көзінде мемлекеттік мекеменің гербтік мөрінің бедері қойылады,

"Басшының аты-жөні Қолы" тор көзінде орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның), ал мұндай болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығына сәйкес бірінші қол қою құқығы бар мемлекеттік мекеме уәкілетті тұлғасының аты-жөні толығымен көрсетіледі. Қолтаңба қолтаңбалар мен мөртаңба үлгілері бар құжатқа сәйкес қойылады.

"Бас бухгалтердің аты-жөні Қолы" тор көзінде орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның), ал мұндай болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығына сәйкес екінші қол қою құқығы бар мемлекеттік мекеме уәкілетті тұлғасының аты-жөні толығымен көрсетіледі. Қолтаңба қолтаңбалар мен мөртаңба үлгілері бар құжатқа сәйкес қойылады.

"КОд", "КБе", "КНП" тор көздерін толтыру Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

*Ескерту. 136-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

137. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы, басқа да ақшалай төлемдер, жеке тұлғаларға стипендиялар мен төлемдер бойынша төлемдерді олардың сомасын карт-шоттарға немесе ақша алушылардың жинақ ақша шоттарына есептеу жолымен жүргізуге арналған төлеуге берілетін шоттардағы "Ақшаны алушы" бөлімінде ақша алушы карт-шот немесе ақша алушының жинақ ақша шотын ашқан банктің деректемелері көрсетіледі.

Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақыны, басқа да ақшалай төлемдерді, жеке тұлғаларға стипендияларды және төлемдерді төлеуге арналған чектер бойынша банктің берген сомасын қалпына келтіруге арналған төлеуге берілетін шоттағы "Ақшаны алушы" бөлімінде мемлекеттік мекеме, аумақтық қазынашылық бөлімшесі шарт жасасқан банктің деректемелері көрсетіледі.

138. Төлеуге берілетін шоттың "Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) коды" тор көзінде мемлекеттік мекеме өзінің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуынан түсетін ақшаның есебінен төлемді жүзеге асырған жағдайда ғана толтырылады.

139. "Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы", "Өлш. бірл.", "Саны", "Бағасы", "Сомасы" тор көздері тіркелген шарттың талаптарына сәйкес немесе

негізінде мемлекеттік мекеме шарт жасаусыз тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуды жүзеге асыратын құжатқа сәйкес, бюджет қаражатының және мемлекеттік мекеменің иелігінде қалатын тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаның есебінен тауарларға ( жұмыстарға, қызметтерге) төлеуге берілетін шотта ғана толтырылады.

Түрлерінің тізбесі екі бірліктен асатын тауарларды сатып алу кезінде немесе тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) бырыңғай өлшеуіш болмаған кезде "Өлш. бірл.", "Бағасы", "Сомасы" тор көздері толтырылмайды, "Саны" тор көзіне бірлік қойылады, "Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы" тор көзінде тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) топтарының атауы көрсетіледі.

Аванстық (алдын ала) төлемді жүргізген кезде төлеуге берілетін шотта "Өлш. бірл.", "Бағасы", "Сомасы" тор көздері толтырылмайды. Бұл ретте "Төлемнің тағайындалуы" тор көзінде мәтіні: "_____N______ шарт сомасының _____ % мөлшерінде аванстық (алдын ала) төлем, ____ хабарламаның N _____ және күні." .

140. Төлеуге берілетін шотта төлемнің "ағымдағы" немесе "түпкілікті" мәртебесі көрсетіледі.

"Ағымдағы" мәртебесі бар төлеуге берілетін шот - тіркелген шарттың талаптарына сәйкес тауарларды беруге (орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) аралық төлемді жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме ұсынатын төлеуге берілетін шот.

"Түпкілікті" мәртебесі бар төлеуге берілетін шот - тіркелген шарттың талаптарына сәйкес тауарларды беруге (орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) түпкілікті төлемді жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме ұсынатын төлеуге берілетін шот.

Шарт жасасу талап етілмейтін және шартты аумақтық қазынашылық бөлімінде тіркеу талап етілмейтін шығыстардың экономикалық сыныптамасының шығыстары түрлері бойынша төлеуге берілетін шотта " түпкілікті" мәртебесі көрсетіледі.

Еңбекақы бойынша аванстық төлемдерді жүргізу ерекше жасалады, онда төлеуге берілетін шотта төлемнің "ағымдағы" мәртебесі көрсетіледі, ал өтеген кезеңі үшін еңбекақы бойынша төлемдерді жүргізген кезде - "түпкілікті" мәртебесі көрсетіледі.

Қаржы жылының ішінде үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатының есебінен төлемдерді жүргізу кезінде төлеуге берілетін шотта "ағымдағы" мәртебесі, ал ағымдағы қаржы жылының түпкілікті сомасына төлеуге берілетін шотты жүргізу кезінде " түпкілікті" мәртебесі көрсетіледі.

Төлеуге берілетін шоттарда төлем мәртебесі мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекемелерге арналған демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер бойынша қолма-қол ақшаны бақылау шотынан (бұдан әрі - ҚБШ) ( бұдан әрі - демеушілік және қайырымдылық көмек ҚБШ) төлемдер мен ақшаны аударуды жүргізген кезде, олар бірінші талап ету бойынша немесе қандай-да бір мерзімнен кейін толық немесе бөліктермен, алдын ала келісілген үстемақымен немесе онсыз, тікелей жеке немесе заңды тұлғалар немесе тиісті республикалық немесе жергілікті бюджеттерге берілуі тиістігіне қарамай атаулы мәнде оларды қайтарымды шартта мемлекеттік мекемеге жеке немесе заңды тұлға беретін ( бұдан әрі - жеке және заңды тұлғалардың уақытша ақша орналастыру ҚБШ-сі).

141. Төлеуге берілетін шотта:

біржолғы салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын төлеуді қоспағанда, салықты және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлеу;

міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аудару жөніндегі төлемдерді жүргізу кезінде сома бүтін теңгемен толық көрсетіледі.

Тиындармен түпкілікті есеп айырысу жылына бір рет желтоқсан айында жүргізіледі.

Осы тармақта көрсетілмеген төлемдердің басқа түрлері бойынша төлеуге берілетін шотты беру тиынмен жүзеге асырылады.

## 20-тарау. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы мен басқа ақша төлемдерін, жеке тұлғаларға міндетті зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды, стипендияларды төлеу тәртібі

142. Мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне барлық төлемдер қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады, бұл ретте мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы мен басқа да ақшалай төлемдерді, сондай-ақ жеке тұлғаларға стипендиялар, төлемдер төлеу олардың сомасын ақша алушының таңдауы бойынша банкте ашылған карт-шоттарға немесе жинақ ақша шотына есептеу жолымен жүзеге асырылады. Бұл ретте мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы мен басқа да ақшалай төлемдерді, сондай-ақ жеке тұлғаларға стипендиялар, төлемдер төлеу мынадай жағдайларда:

төлем карточкасын дайындау;

төлем карточкасын дайындау кезеңінде төлем карточкасының әрекет ету мерзімі өткен немесе оны жоғалтқан;

банк жоқ болған немесе мемлекеттік мекеменің орналасқан орнынан шалғай болған;

сайлау комиссиялары мүшелерінің, консультанттардың, сарапшылардың, сараптамалық лингвистикалық комиссия мүшелерінің және Қазақстан

Республикасының сайлау жөніндегі заңнамасына сәйкес сайлауды өткізуге қатысатын басқа тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау жөніндегі заңнамасында көзделген жалақыны өтеу үшін олардың негізгі жұмыс орны бойынша мәслихат кандидаттарының, депутаттарының қарт-шоты немесе жинақ ақша шоты болмаған жағдайларда мемлекеттік мекеменің кассасы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету пункттері және құрылғылары болмаған кезде қолма-қол ақшаны тізбесін және мөлшерін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесінің чектері бойынша алуға жол беріледі.

143. Ақша алушы банкпен осы Ережеге 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаның жинақ ақша шоты шартын немесе 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің қызметкеріне банк карточкасын беру және оған қызмет көрсету туралы шартты (бұдан әрі - салым шарты) дербес жасасады.

144. Ақша алушы мемлекеттік мекемеге банкте ашылған салымдар бойынша қарт-шоттың немесе жинақ ақша шотының нөмірін, салым шартының нөмірі мен күнін және банк деректемелерін көрсете отырып, ақша төлемінің тиесілі сомасын аударуға өтініш береді.

145. Мемлекеттік мекеме ақша алушылар салым шартын жасасқан әрбір банкпен осы Ережеге 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік қызмет көрсету шартын жасасады және оларға қолтаңбалар мен мөртаңбалар үлгілері бар құжатты береді.

Қолтаңбалар мен мөртаңбалар үлгілері бар құжатты мемлекеттік мекеме ҚР ҰБ белгілеген нысан бойынша және тәртіппен береді.

146. Мемлекеттік мекемелер жалақыны төлеуге арналған төлеуге берілетін шоттарды есептіден кейінгі айдың бесінші күніне дейін, ал ағымдағы қаржы жылының соңғы айында жиырмасыншы күніне дейін қазынашылық аумақтық органдарына береді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жалақыны төлеуге арналған төлеуге берілетін шоттарды ұсынуды мемлекеттік мекеме орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның), ал мұндай болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен белгіленетін

оларды төлеу мерзіміне және кезеңділігіне сәйкес жүзеге асырады. Еңбекақыны төлеу мерзімі мен кезеңділігін аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету кестесін әзірлеу кезінде ескеруі тиіс.

*Ескерту. 146-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

147. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы және басқа да ақшалай төлемдерді, сондай-ақ жеке тұлғаларға стипендияларды, төлемдерді олардың карт-шоттарына немесе салымдар, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша банкте ашылған жинақ ақша шоттарына аудару жөніндегі төлемдерді жүргізу үшін төлеуге берілетін шоттармен бірге мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ҚБЕО белгілеген форматта электрондық тасығышта береді.

148. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы мен басқа да ақшалай төлемдерді, жеке тұлғаларға стипендияларды, төлемдерді карт-шоттарға немесе міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды ақша алушылардың жинақ ақша шоттарына аудару жөніндегі төлемдерді жүргізгеннен кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы 5-15а нысан бойынша ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірме (бұдан әрі - үзінді көшірме) қалыптастырады. Үзінді көшірме операциялық күн жабылғаннан кейін қалыптастырылады. Үзінді көшірменің әрбір беті төлем жүргізу күнін көрсете отырып, жауапты орындаушының қолымен және мөртабанымен расталады және осы ереженің 132-тармағында көзделген құжаттармен бірге мемлекеттік мекемеге беріледі.

149. Үзінді көшірмелер мемлекеттік мекеме олардың негізінде ақша алушылардың тізімін және тиісінше ақша алушылардың карт-шоттарға немесе жинақ ақша шоттарына, жинақтаушы зейнетақы қорларына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылған соманы мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы және басқа да ақшалай төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар, жеке тұлғаларға стипендиялар, төлемдер бойынша бастапқы құжаттардың деректерімен жолма-жол салыстырып тексеруді жүзеге асыратын құжаттар болып табылады. Үзінді көшірмелерді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде үзінді көшірмелер деректерінің бастапқы құжаттардың деректерімен сәйкес келмеуі болған кезде мемлекеттік мекеме есептелген және аударылған сома бойынша алшақтық туралы ақпаратты бере отырып, аумақтық қазынашылық органына түсінік алу үшін жазбаша өтініш жасайды. Үзінді көшірмелерді мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекемелердің

қызметкерлеріне жалақы және басқа ақшалай төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар, жеке тұлғаларға стипендиялар, төлемдер бойынша бастапқы құжаттармен бірге тігеді және олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде сақталады.

150. Осы Ереженің 142-тармағында көзделген ақшаны мемлекеттік мекеменің кассасынан төлеу үшін банктің кассасынан чектер бойынша қолма-қол ақшаны алу үшін мемлекеттік мекеме банкті дербес таңдайды. Мемлекеттік мекеме, тың аумақтық қазынашылық бөлімшесі және банк осы Ережеге 41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық қызмет көрсетуге шарт жасасады.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі банкпен қосымша Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес чектерді пайдалану туралы шарт жасасады.

151. Чек кітапшалары банкте мемлекеттік мекемелердің ақшасы есебінен аумақтық қазынашылық бөлімшесі арқылы сатып алынады және орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндай болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеменің басшысы немесе өзі өкілеттік берген тұлғаның сенімхаты негізінде қол қою арқылы мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасына беріледі.

*Ескерту. 151-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

152. Банк чектер бойынша мемлекеттік мекемеге берілген қолма-қол ақшаны есепке алуды жүргізу үшін республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін жеке тиісті баланс шотында банкішілік шоттар ашады.

Банкте ашылған банкішілік шоттардың ерекшелігі әрбір операциялық күннің аяғында банкішілік шоттардың қалдықтары нөл болуы тиіс.

153. Мемлекеттік мекемелер банк кассасынан қолма-қол ақша алуына аумақтық қазынашылық бөлімшесі банкке қолдар мен мөртабандардың үлгілері бар құжатты екі данада банкке береді. Қолдар мен мөртабанның үлгілері бар құжат Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі белгілеген нысан бойынша және тәртіппен ресімделеді.

154. Мемлекеттік мекеме чектер бойынша қолма-қол ақша алғанға дейін бір жұмыс күні бұрын аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 42-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкте алған қолма-қол ақшаны қалпына келтіруге арналған төлеуге берілетін шотты, банк қызметтеріне төлемді, чекті, қолма-қол ақша алуға арналған өтінімді қоса бере отырып, төлеуге берілетін шоттардың тізілімін береді.

Төлеуге берілетін шоттар шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша жеке беріледі.

Чек мемлекеттік мекеменің лауазымды тұлғасына және банктің кассасынан қолма-қол ақша алуға арналған төлеуге берілетін шоттардың жалпы сомасына ресімделеді. Чек мемлекеттік мекеменің қолдарынсыз және мөртабандарысыз беріледі.

155. Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары қол қойған және елтаңбалы мөрдің таңбасымен бекітілген мемлекеттік мекемелердің чектері кассалық қызмет көрсетуге арналған шартта белгіленген мерзімде банкке беріледі. Чектер банкке осы Ережеге 43-қосымшаға сәйкес 5-55 нысан бойынша мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаны алуға арналған чектердің тізілімімен бірге республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер бойынша жеке және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер бойынша жеке беріледі.

156. Қолма-қол ақшаны беруді банк мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақша алуға арналған чектердің тізілімі және атына чек берілген мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғаға тікелей чек түскеннен кейін келесі жұмыс күніне банк жүргізеді.

157. Банк кассалық қызмет көрсетуге арналған шартта белгіленген мерзімде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 44-қосымшаға сәйкес нысанда төленген чектердің тізілімін береді.

## 21-тарау. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт талаптарына сәйкес төлемдерді жүргізуге арналған төлеуге берілетін шоттарды беру және орындау тәртібі

158. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт талаптарына сәйкес төлемдерді жүргізу үшін мемлекеттік мекеме төлеуге берілетін шоттардың тізілімін, төлеуге берілетін шоттарды және:

"түпкілікті" мәртебесі бар төлеуге берілетін шотты беру кезінде хабарлама;

шетел валютасында төлемдер жүргізу кезінде шетел валютасын сатып алу үшін төлеуге берілетін шотты беру кезінде шетел валютасын айырбастауға арналған өтінім;

осы Ережеге 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатын немесе байланысты гранттар қаражатын жұмсау кезінде үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінім береді.

159. Аванстық (алдын ала) төлемді жүргізу үшін мемлекеттік мекеме төлеуге берілетін шоттардың тізілімін және төлеуге берілетін шоттарды береді.

Шарт сомасының 100% мөлшерінде аванстық (алдын ала) төлемді жүргізу үшін төлеуге берілетін шот "түпкілікті" мәртебесімен хабарлама жасалмай беріледі.

Аванстық (алдын ала) төлем сомасын өтеу ағымдағы қаржы жылында мемлекеттік мекеме жасаған азаматтық-құқықтық мәміле шарттарында көзделген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізу көлемдерімен және оларды жеткізу құжаттарымен қаржы жылының ішінде расталады.

Тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) келесі ақы төлеу тауарларды жеткізуге (жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге) арналған шартта анықталған және ағымдағы қаржы жылының соңына дейін алдын ала ақы төлеу сомасын алынған жеткізулер (жұмыстар, қызметтер) көлемімен растауды қамтамасыз ету үшін келесі ақы төлеудің мөлшерін белгілейтін тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

160. Егер шарт бойынша алушының жауапкершілік тәуекелі сақтандырылса ( шартты бұзғаны үшін алушы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасасқан) онда мемлекеттік мекеменің ақша алушының дәрменсіздігіне байланысты онымен шарт бұзу қажеттілігі болған кезде аванстық (алдын ала) төлем сомасының қалдығын немесе барлық сомасын қайтаруды сақтандырушы заңды тұлға жүзеге асырады.

## 22-тарау. Шарт жасаусыз төлемдерді жүргізуге арналған ақы төлеуге шоттарды беру және орындау тәртібі

161. Осы Ереженің 147-тармағында көзделген шығыстарды қоспағанда, шарттар жасаусыз шығыстардың түрлері бойынша төлемдер жүргізу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына төлеуге берілетін шоттардың тізілімін, төлем немесе ақша аудару түріне байланысты қосымша төлеуге берілетін шотты:

шоттардың немесе хабарлама-шоттың немесе орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа құжаттың көшірмелерін;

қолма-қол ақша алуға арналған өтінімді және банкте алынған қолма-қол ақшаны қалпына келтіруге арналған төлеуге берілетін шоттарды беру кезінде чектерді және банк қызметтерін төлеуді;

атқару құжатын ерікті орындау үшін төлеуге берілетін шотты беру кезінде мемлекеттік мекеменің елтаңбалық мөрінің бедерімен расталған атқару құжатының көшірмесін береді.

162. Сатып алынуы бірнеше шығыстардың БСК бойынша жіктелетін шартты жасаусыз тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу кезінде тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бірнеше түрлеріне бір құжатты ресімдеген жағдайда төлеуге берілетін шотты жасау әрбір шығыстардың БСК бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте құжаттың қорытынды сомасы барлық төлеуге берілетін шоттардың қорытынды сомасына сәйкес келуі тиіс.

Төлеуге берілетін шоттар аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік мекеменің бас бухгалтерінің қолымен және шарт жасаусыз негізінде олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуы жүзеге асырылатын мемлекеттік мекеменің гербтік мөрінің бедерімен расталған құжаттың көшірмесін (шоттар немесе хабарлама-шот немесе шот-фактура немесе орындалған жұмыстар актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа құжат) құжаттың көшірмесін қоса бере отырып ұсынылады.

Шарт жасаусыз негізінде мемлекеттік мекеме тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуды жүзеге асыратын құжатта мынадай ақпараттың болуы міндетті:

атына құжат ресімделген мемлекеттік мекеменің толық атауы,

ақы алушының, оның ішінде алушы банктің деректемелері,

ағымдағы қаржы жылында жүзеге асырылуы тиіс ресімдеу күні (күн, ай, ағымдағы қаржы жылы),

тауардың (жұмыстың, қызметтердің) атаулары, сандары мен сомасы; тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бірнеше түрлеріне ресімдеген жағдайда - тауардың (жұмыстың, қызметтің) атауын, тауарлардың (жұмыстардың , қызметтердің) әрбір түрі бойынша саны мен сомасын (немесе тауардың бір бірлігі үшін бағасын) көрсету,

ақша алушының қолдарының және мөр бедерінің (болған кезде) болуы.

## 22-1-тарау. Акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын төлеуге жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын арттыруға ақша аудару тәртібі

*Ескерту. 22-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.02* N 313 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

162-1. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталын арттыруға ақша аудару және егер бюджеттік бағдарламаның паспортында олардың еншілес ұйымдарының жарғылық капиталын арттыру көзделген жағдайда заңды тұлғалардың жарияланған акцияларын төлеу, жарияланған акциялар (бағалы қағаздар) шығарылымын мемлекеттік тіркегеннен және бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті куәлігін алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Төлемді жүргізу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі төлеуге берілетін шоттардың тізілімімен, төлеуге берілетін шоттармен бірге аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жарғылық капиталды арттырған кезде жарияланған акциялардың (бағалы қағаздардың) шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін береді.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі жарияланған акцияларға (бағалы қағаздарға) төлеуге арналған ақша аударылғаннан кейін бір ай өткен соң қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген, іске асыру мерзімі бойынша бюджеттік бағдарламаның паспортымен өзара үйлестірілген сомалар шегінде жарғылық капиталды арттыруға байланысты бюджеттік бағдарламалардың мақсаттарына уақтылы қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың іске асырылуы туралы ақпаратты бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға береді.

Жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру және мемлекеттік бағдарламаларда көзделген міндеттерді орындау мақсатында заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын арттыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыратын бюджеттік бағдарлама әкімшілері жыл сайын 20 қаңтарға, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер нақтыланған жағдайда 30 күннің ішінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға бюджеттік бағдарлама паспортында көзделген іс-шараларды іске асыру жөніндегі ақпаратты осы Ережеге 67-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінде жарияланған акциялар (бағалы қағаздар ) шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі болмаған кезде жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталдарын арттыруға байланысты төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларында анықталған қаражатты төлеуге жол берілмейді.

## 23-тарау. Карт-шотты ашу және толықтыру, карт-шоттан ақшаны пайдалану тәртібі мен ақшаны пайдалану туралы есептер беру мерзімдері

163. Корпоративтік төлем карточкасын ұстаушы мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасы болып табылады.

164. Корпоративтік төлем карточкасын қолдана отырып бюджет ақшасы есебінен есеп айырысуды жүзеге асыруға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тізбесі мен мөлшерін анықтайтын шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жол беріледі.

165. Карт-шотты ашу үшін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға, жергілікті бюджетті бағдарламалар әкімшісі - бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға қолдаухат береді. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты негізінде мемлекеттік мекемеге осы Ережеге 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада рұқсат беріледі:

бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемеге;

бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемеге.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты мемлекеттік мекеменің атауы мен кодын, бюджет түрі мен шығыстар бағыттарының мақсаттарын, оған сәйкес ол пайда болған немесе қайта ұйымдастырылған нормативтік құқықтық актіні қамтуы тиіс.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік мекемеге рұқсат беріледі не бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне бас тарту себебін көрсете отырып рұқсат беруден бас тарту туралы жазбаша хабар беріледі.

166. Карт-шот шартын жасасу үшін мемлекеттік мекеме ҚР ҰБ-нің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттарды және рұқсатты банкке береді. Бұл ретте карт-шот шартында банктердің корпоративтік төлем карточкаларына кредит лимиттерін беруіне тыйым салу жөніндегі норма көзделуі тиіс.

167. Төлем карточкасын беру туралы шарт мемлекеттік мекеменің корпоративтік төлем карточкаларын жасағаны және қызмет көрсеткені үшін банк қызметтеріне ақы төлеу бөлігінде осы Ережемен белгіленген тәртіппен аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеуге жатады.

168. Алынған корпоративтік төлем карточкалары осы Ережеге 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемеде тіркеу журналында тіркеледі.

Корпоративтік төлем карточкалары орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның), ал мұндай болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен анықталған уәкілетті тұлғаларға (бұдан әрі - есеп беретін тұлға) қол қойып беріледі.

*Ескерту. 168-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

Астана қаласының Қазынашылық департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық филиалының үзіндісі негізінде сыртқы саяси қызмет саласындағы орталық уәкілетті органның шетел валютасындағы шотына шетел валютасын есептеуді жүргізеді;

ай сайын 10-күніне дейін сыртқы саяси қызмет саласындағы орталық уәкілетті орган Астана қаласының Қазынашылық департаментіне келесі күнтізбелік айда тиісті айдағы жоспарлы жұмсалымдарға барабар сомада қолма-қол шетел валютасын алуға арналған өтінім жібереді;

өкілдік шығындарға қаражат бөлу туралы қабылданған шешімнің негізінде сыртқы саяси қызмет саласындағы орталық уәкілетті орган қолма-қол шетел валютасын алуға арналған сенімхат беру үшін ресми делегацияның құрамына енетін тұлғаны көрсете отырып, Астана қаласының Қазынашылық департаментіне хат жібереді. Астана қаласының Қазынашылық департаменті сыртқы саяси қызмет саласындағы орталық уәкілетті органның хатында көрсетілген тұлғаға Ұлттық Банкінің Астана қаласындағы орталық филиалында қолма-қол шетел валютасын алуға арналған сенімхат береді.

353. Сыртқы саяси қызмет саласындағы орталық уәкілетті орган өкілдік шығындарға бөлінетін қаражаттың жұмсалуына бақылауды жүзеге асырады.

354. Өкілдік шығындарға қаражат алған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері сыртқы саяси қызмет саласындағы орталық уәкілетті органға тоқсан сайын көрсетілген қаражатты пайдаланғаны туралы есеп, ал өкілдік шығындарға қаражат алған тұлғалар іс-шараны өткізгеннен кейін 15 күнтізбелік күн ішінде - тиісті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатқан ұйымның мөрімен расталған сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің құны мен көлемін көрсете отырып, растайтын құжаттарды ( түбіртектерді, шот-фактураларды, жөнелтпе құжаттарды) беруі тиіс.

Осы Ереженің 352-тармағында анықталған тәртіппен бөлінетін қаражат бойынша есеп беретін тұлға іс-шаралар жүргізілгеннен кейін 30 күнтізбелік

күннің ішінде сыртқы экономикалық қызмет саласындағы орталық уәкілетті органның валюталық шотына пайдаланылмаған ақшаның сомасын қайтарады және оған гербтік мөрмен расталған Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының шетелдік сапарлары кезінде Қазақстан Республикасының Президенті Кеңсесінің Бастығы немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шетелдік сапарлары кезінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің шетелдік сапарлары кезінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы (Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жауапты хатшысының өкілеттігі белгіленген тәртіппен жүктелген лауазымды тұлға), Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын халықаралық қадағалау миссиясының құрамында шет мемлекеттердегі сайлауларға Қазақстан Республикасынан қадағалаушы ретінде жіберу кезінде бекіткен өкілдік мақсаттарға арналған шығындар бойынша актіні, сондай-ақ қолма-қол қаражатты қайтару туралы түбіртекті және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі орталық филиалының кіріс ордерін қайтарады.

*Ескерту. 354-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.28* N 394 *Қаулысымен.*

355. Өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуына жауапкершілік республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жүктеледі.

**44-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану тәртібі**

356. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Халықаралық гуманитарлық көмек мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) - Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін құрылған Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы халықаралық гуманитарлық көмек мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесу органы;

көзделмеген шығындар - көзделмегендігіне байланысты ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеу кезінде жоспарланбаған және ағымдағы қаржы жылында кезек күттірмей қаржыландыруды талап ететін шығындар;

Қазақстан Республикасының ресми гуманитарлық көмегі - басқа мемлекеттердің аумағында әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мақсатында Қазақстан Республикасы қайтарусыз көрсететін көмек.

*Ескерту. 356-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.14* N 249 *Қаулысымен.*

357. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдар резервінің қатаң нысаналы мақсаты бар әрі осы Ережеде және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтен ақша бөлу туралы шешімінде көзделмеген қажеттіліктерге пайдаланылмайды.

358. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу туралы шешімдерін дайындау мынадай:

1) ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде осы мақсаттарға ақша болмаған не жетіспеген;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар резервінің ақшасына қажеттілік ағымдағы қаржы жылында туындаса және оларға қажеттілік міндеттемелерді тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың жергілікті атқарушы органдардың соттардың шешімдері бойынша өтеу жағдайларын қоспағанда, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің өткен міндеттемелеріне байланысты болмаған;

3) Қазақстан Республикасының ресми гуманитарлық көмек көрсетуге арналған төтенше резервін пайдаланған жағдайда Комиссияның оң қорытындысы болған жағдайларда жүзеге асырылады.

*Ескерту. 358-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.14* N 249 *Қаулысымен.*

359. Қаржы жылы ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервінен бөлінген ақшаны пайдаланбаған немесе ішінара пайдаланған жағдайда бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін тиісті бюджетке бөлінген қаражаттың пайдаланылмаған бөлігін қайтаруды қамтамасыз етеді.

360. Қазақстан Республикасының аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы қолдаухаттарды төтенше жағдайлар жөніндегі орталық уәкілетті орган қарайды. Бұл ретте, пайда болған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай өңірлік немесе ғаламдық ауқым алуға тиіс.

361. Жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда тиісті жергілікті атқарушы органның резервінен ақша бөлу туралы қолдаухатты облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органы немесе аудандық (қалалық ) қаржы бөлімі қарайды.

362. Негіздейтін материалдарды және олардың тізбесін беру тәртібін төтенше жағдайлар жөніндегі орталық уәкілетті орган анықтайды.

Төтенше резервтен бұзылған объектілерді салуға немесе күрделі жөндеуге ақша бөлген жағдайда құжаттардың қатарында сондай-ақ құрылыс жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы беріледі.

363. Өңірлік және жаһандық ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою қажеттілігі болған кезде төтенше жағдайлар жөніндегі орталық уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға ақша бөлу туралы шешім жобасын енгізеді.

364. Жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою қажеттілігі болған кезде облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органы немесе аудандық (қалалық) қаржы бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органға табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға ақша бөлу туралы шешім жобасын енгізеді.

365. Төтенше резерв ақшасы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларға бағытталады.

366. Басқа мемлекеттердің аумағында әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мақсатында тиісті орталық мемлекеттік орган Комиссия ұсынымдарының негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми гуманитарлық көмек көрсетуге арналған шешімінің жобасын әзірлейді және заңнамада белгіленген тәртіппен оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

367. Қазақстан Республикасының ресми гуманитарлық көмегі ақшалай немесе тауар нысанында ұсынылады.

368. Қазақстан Республикасының ақшалай нысанда ресми гуманитарлық көмек көрсетуі кезінде ақша қаражатын аудару алушы елдің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шоттардың деректемелерін ресми бергеннен кейін жүзеге асырылады.

369. Қазақстан Республикасының тауар нысанында ресми гуманитарлық көмек көрсетуі үшін ұсынылған тауарлардың құнын өтеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде төтенше резервтен жүзеге асырылады .

370. Қазақстан Республикасының немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп тудыратын жағдайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен өзге көзделмеген шығындарға ақша қажеттілігі болған жағдайда тиісті мемлекеттік орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға тиісті негіздемелермен және есептеулермен бірге орталық мемлекеттік органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық мемлекеттік органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адам), ал мұндай болмаған жағдайларда - мемлекеттік органның басшысы немесе өзі уәкілеттік берген адам қол қойған ақша болу туралы қолдаухат ұсынады. Егер қолдаухат жергілікті атқарушы органдардың сұрауы бойынша берілсе, онда негіздемелер мен есептеулерге жергілікті атқарушы органның басшысы немесе өзі уәкілеттік берген адам да қол қояды.

Жоғарыда көрсетілген негіздемелер мен есептеулер болмаған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қолдаухатты караусыз қайтарады.

*Ескерту. 370-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.02* N 313 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

370-1. Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына қауіп тудыратын жағдайлар туындаған жағдайларды қоспағанда, қарастырылған көзделмеген шығындарға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын арттыруға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлуге жол берілмейді.

*Ескерту. 370-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.14* N 249 *, 2008.05.13* N 451 *Қаулыларымен.*

371. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ұсынылған қолдаухаттың негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың шұғыл шығындарға арналған резервтерінде көзделген шекте ақшаны бөлу қажеттілігі немесе бөлу мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

372. Мемлекеттік органның қолдаухатына оң қорытынды болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінен ақша бөлу туралы шешімінің жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен осы мемлекеттік орган дайындайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінен ақша бөлу туралы шешімінің жобасына осы мемлекеттік орган ақша бөлу туралы оң қорытындының көшірмесін қоса береді.

373. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының және аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерін орындау сот атқарушы құжаттары болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерін орындауға арналған резервінен қамтамасыз етіледі.

Соттардың шешімдері бойынша төлемдер жүргізуге міндетті орталық мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары және аумақтық бөлімшелері төлемдерді жүргізеді, ал қолданыстағы заңнамада көзделген негіздемелер болған жағдайда көрсетілген шешімдерді барлық сот инстанцияларында шағымдануы тиіс.

Орталық мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері өздерінің заңсыз қабылданған актілері үшін, сондай-ақ әкімшілік басқару саласындағы лауазымды тұлғаларының заңсыз іс-әрекеттері үшін оларды ұстауға бөлінген ақшамен жауап береді.

*Ескерту. 373-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.08.17.* N 701 *Қаулысымен.*

374. Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелерін орындауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын орындау
құжаттарының атқарылуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган
сот актілерінің көшірмесін және заңнамада белгіленген талаптарға
сәйкес келетін орындау құжаттарын ұсынғаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган дайындайды.

*Ескерту. 374-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.08.17.* N 701 *Қаулысымен.*

374-1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік органдар қылмыстық іс жүргізетін органдардың лауазымды тұлғалары келтірген зиянды өтегеннен кейін, мұндай тұлғалардың кінәсі соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленсе, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен оқшауландырылған қаражатты өтеу бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен шаралар қолданады.

*Ескерту. 374-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.08.17.* N 701 *Қаулысымен.*

375. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің міндеттемелерін орындауға ақша бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын орындау құжаттарының атқарылуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган сот актілерінің көшірмесін және заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес келетін орындау құжаттарын ұсынғаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті орталық мемлекеттік орган дайындайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен орталық мемлекеттік органдардың міндеттемелерін орындауға ақша бөлу туралы шешімнің жобасына орталық мемлекеттік орган осы Ереженің 373-тармағын сақтауын растайтын материалдардың көшірмесін қоса береді.

*Ескерту. 375-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.08.17.* N 701 *Қаулысымен.*

376. Соттардың шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау сот атқарушы құжаттары болған кезде соттардың шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міндеттемелерін орындауға арналған облыстық немесе аудандық деңгейлердегі атқарушы органдардың резервтерінен қамтамасыз етіледі.

Соттардың шешімдері бойынша төлемдер жүргізуге міндетті жергілікті атқарушы органдар төлемдерді жүргізеді, ал қолданыстағы заңнамада көзделген негіздемелер болған жағдайда көрсетілген шешімдерді барлық сот инстанцияларында шағымдануы тиіс.

Жергілікті атқарушы органдар өздерінің заңсыз қабылданған актілері үшін, сондай-ақ әкімшілік басқару саласындағы лауазымды тұлғаларының заңсыз іс-әрекеттері үшін оларды ұстауға бөлінген ақшамен жауап береді.

377. Соттардың шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міндеттемелерін орындауға арналған облыстық немесе аудандық деңгейлердегі

атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу туралы тиісті жергілікті атқарушы орган шешімінің жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті атқарушы орган дайындайды.

Бұл ретте соттардың шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міндеттемелерін орындауға арналған облыстық немесе аудандық деңгейлердегі атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу туралы тиісті жергілікті атқарушы орган шешімінің жобасына мүдделі жергілікті атқарушы органдар осы Ереженің 376-тармағын сақтауды растайтын материалдардың көшірмелерін қоса береді.

378. Ағымдағы қаржы жылында болжамдалған жағдайда облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерві ағымдағы қаржы жылында республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне кредит беру үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделеді.

379. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ағымдағы қаржы жылында болжамдалған жағдайда облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға ақша бөлу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға тиісті негіздемелермен және есептеулермен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы қолдаухатты береді.

380. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынылған қолдаухаттың негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің осыған ұқсас мәселелері бойынша бұрын қабылданған шешімдеріне және облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттеріне бұрын берілген кредиттер туралы деректерге сүйене отырып, ағымдағы қаржы жылында облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжамдалған жағдайда олардың қолма-қол ақша тапшылығын жабуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға ақша бөлу үшін мыналар міндетті шарттар болып табылады :

1) облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне кредит беру үшін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген соманың бар болуы;

2) бөлінетін ақшаның мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген және облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қала, астана қаласының бюджеттеріне түсетін түсімдермен және белгілі бір есепті кезеңде облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің тапшылығын қамтамасыз етілмеген шығыстарды қаржыландыруға жіберілуі;

3) республикалық бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша жергілікті атқарушы органдар берешегінің болмауы;

4) бөлінетін кредиттің сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті қаржы жылына белгілеген жергілікті атқарушы орган борышының лимитін арттыруға әкеп соқтырмауы тиіс.

381. Ағымдағы қаржы жылында болжамдалған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бюджеттік кредит беру қаржы жылының шегінде алты айға дейінгі мерзімге жүзеге асырылады және республикалық бюджетті нақтылауды талап етпейді.

382. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қолдаухаты бойынша оң қорытынды болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы шешімінің жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган енгізеді.

383. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерв ағымдағы қаржы жылында олардың бюджетінің қолма-қол ақша тапшылығын болжамдаған жағдайда ауданның (облыстық маңызы бар) қала бюджетіне кредит беру үшін облыстық бюджетте көзделеді.

384. Ағымдағы қаржы жылында болжамдаған жағдайда аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға облыстың деңгейдегі атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу үшін аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері бюджетті атқару

жөніндегі облыстық уәкілетті органға тиісті негіздемелермен және есептеулермен облыстық деңгейдегі атқарушы органның резервінен ақша бөлу туралы қолдаухат береді.

385. Бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті орган ұсынылған қолдаухаттың негізінде, сондай-ақ облыс әкімдігінің осыған ұқсас мәселелері бойынша бұрын қабылданған шешімдеріне және төмен тұрған бюджеттерге бұрын берілген кредиттер туралы деректерге сүйене отырып, ағымдағы қаржы жылында болжамдалған жағдайда ағымдағы қаржы жылында аудандар ( облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға облыстық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

Ағымдағы қаржы жылы болжамдалған жағдайда облыстық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдарының резервінен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға ақша бөлу үшін мыналар міндетті шарттар болып табылады:

1) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кредит беру үшін ағымдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджетте көзделген соманың бар болуы;

2) бөлінетін ақшаның мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген және аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне түсетін түсімдермен және белгілі бір есепті кезеңде аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің тапшылығын қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген аудандар ( облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің шығыстарын қаржыландыруға жіберілуі;

3) облыстық бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша аудандар ( облыстық маңызы бар қалалар) жергілікті атқарушы органдар берешегінің болмауы.

386. Ағымдағы қаржы жылында болжамдалған жағдайда аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған облыстық деңгейдегі атқарушы органдардың резервінен бюджеттік кредит беру қаржы жылының шегінде алты айға дейінгі мерзімге жүзеге асырылады және жергілікті бюджеттерді нақтылауды талап етпейді.

387. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қолдаухаты бойынша оң қорытынды болған кезде облыстық деңгейдегі атқарушы органдардың резервінен ағымдағы қаржы жылында болжамдалған жағдайда аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға ақша бөлу

туралы шешімнің жобасын бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті орган облыс әкімдігінің қарауына енгізеді.

388. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен бөлінген ақшаны алушы бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері олардың пайдаланылуы, орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде беруі тиіс.

389. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің ақшасын пайдалану және тиісті кезеңге оның қалдығы туралы ақпаратты ұсынады.

390. Сыртқы саяси қызмет жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға алушы елдің Қазақстан Республикасы көрсеткен ресми гуманитарлық көмекті алғаны туралы тиісті ақпаратты береді.

391. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті атқарушы органға жергілікті атқарушы орган резервінің ақшасын пайдалану және тиісті кезеңге оның қалдығы туралы ақпаратты ұсынады.

392. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдарының резервтерінен бөлінетін ақшаны мақсатсыз және тиімсіз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен ақша алған бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жауап береді.

393. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдары резервтерінің мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 45-тарау. Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық- экономикалық негіздемесін әзірлеуді қаржыландыруға қаражат бөлу тәртібі

394. Осы тарау бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың қаражатын бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі - ТЭН) және оларды қаржыландыру рәсімдерін әзірлеуді қаржыландыруға бөлу тәртібін анықтайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ТЭН әзірлеу шеңберінде ТЭН тиісті сараптамаларын жүргізу қаржыландырылады.

Бюджеттік инвестициялық жобалардың ТЭН қаржыландыру экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бөлінетін бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бюджеттік инвестициялық жобаны республикалық не жергілікті ретінде анықтау Бюджет кодексінің 147-бабының 3-тармағында белгіленген өлшемдерге сәйкес жүзеге асырылады.

Егер жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыру бекітілген мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламалардың шеңберінде республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке берілетін нысаналы даму трансферттері қаражатының есебінен көзделген жағдайда, ТЭН әзірлеуді қаржыландыру экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың бөлінетін бағдарламаларының есебінен жүзеге асырылады.

ТЭН-ді қаржыландыру, егер жоба бекітілген мемлекеттік, салалық ( секторалдық) және өңірлік бағдарламалармен көзделген жағдайда жүзеге асырылады.

395. Бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың қаражаты есебінен бюджеттік инвестициялық жобалардың ТЭН әзірлеуді қаржыландыру үдерісі мынадай негізгі сатыларды:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік инвестициялық жобалардың ТЭН әзірлеуді қаржыландыруға арналған өтінімдер (бұдан әрі - Өтінім) беруді;

2) олардың ТЭН әзірлеу және сараптауды қаржыландыру бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың қаражаты есебінен қаржыландырылатын бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін (бұдан әрі - Тізбе) қалыптастыруды, карауды және бекітуді;

3) ТЭН әзірлеуді қаржыландыруды қамтитын іс-шаралар кешенін білдіреді.

396. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері өтінімдерді ТЭН әзірлеу жоспарланатын жылдың 15 қаңтарына дейін экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға береді.

397. Өтінім осы ережеге 56-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес келуі және мынадай негізгі мәліметтерді қамтуы тиіс:

жобаның атауы;

құрамында жобаны іске асыру көзделген мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаның атауы;

жобаны іске асырудың жалпы құны;
іске асыру кезеңі;
іске асыру орны;
Бюджет кодексінің 147-бабының 3-тармағында көрсетілген өлшемдерге сәйкес келуі;
жобаның құрауыштары;
қаржыландыру нысаны;
жобаны іске асыруға жауапты бюджеттік бағдарламаның әкімшісі;
ТЭН әзірлеу үшін қажетті мәлімделетін сома;
инвестициялық ұсынысты салалық бағалауды жүргізген мемлекеттік органның атауы, сондай-ақ инвестициялық ұсынысты салалық бағалау қорытындысының нөмірі;
инвестициялық ұсынысты экономикалық бағалау оң қорытындысының күні мен нөмірі.

398. ТЭН әзірлеуді қаржыландыруға сондай-ақ мыналар қоса беріледі:
салалық бағалаудың қорытындысы;
экономикалық бағалаудың қорытындысы;
ТЭН әзірлеуге техникалық тапсырма;
ТЭН әзірлеудің мәлімделетін құнын негіздейтін ақпарат.

399. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті жылдың 1 сәуірінен кешіктірмейтін мерзімде қаржыландыруға арналған өтініштердің негізінде ТЭН әзірлеу мен сараптамасын қаржыландыру бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен мүмкін бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қалыптастырады және тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

400. Бюджет комиссиясының қарауына шығарылатын ТЭН әзірлеу мен сараптамасын қаржыландыру бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен мүмкін бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесі мынадай негізгі мәліметтерді қамтуы тиіс:
жобаның атауы;
бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мәлімдеген сома;
экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қаржыландыруға ұсынылатын сома;
жобаның мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларға сәйкестігі;
ТЭН әзірлеуге арналған техникалық тапсырманы бағалау;

өзге мәліметтер.

Қажет болған жағдайда экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган олардың ТЭН-ін әзірлеу және сараптауды қаржыландыру бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен мүмкін болатын бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесін қалыптастыру барысында туындайтын жекелеген мәселелерді қарау үшін қосымша ақпаратты сұратады.

401. Бюджет комиссиясы олардың ТЭН-ін әзірлеу және сараптауды қаржыландыру бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен мүмкін болатын бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесін қарау нәтижелері бойынша Тізбені, сондай-ақ әрбір жоба бойынша қаржыландыру сомасын анықтайды.

402. Әрбір жоба бойынша қаржыландыру атауы мен сомасын қамтитын тізбе Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімімен немесе жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

403. Егер бюджет комиссиясының олардың ТЭН-ін әзірлеу және сараптауды қаржыландыру бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен мүмкін болатын бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесін қарау нәтижелері бойынша бөлінетін бағдарламаның қаражаты толық мөлшерде бөлінбеген жағдайда, экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін бекіткеннен кейінгі келесі айдың 1-і күніне дейін бюджет комиссиясының қарауына бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражатының қалған сомасына бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесіне қосымша жобасын енгізеді.

Бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражатының қалған сомасына бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесіне қосымшаны қалыптастыру, бюджет комиссиясының қарауына енгізу және бекіту осы ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

404. Бюджеттік инвестициялық жобалардың ТЭН әзірлеуді қаржыландыру бойынша бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты бекітілген бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесінің негізінде түрлі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасында бөлуге жатады.

Қаржы жылы ішінде бюджеттік инвестициялық жобалардың ТЭН әзірлеуді қаржыландыру бойынша бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты бюджетке қайтарылады.

405. Сараптамаларды әзірлеу мен жүргізуді қаржыландыру бюджет заңнамасында және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

406. ТЭН әзірлеу жөніндегі қызметтерді беруге арналған шарт бойынша берушінің міндеттемелерінде шарттың жалпы құнының шегінде жүргізілетін ескертулер мен ұсыныстар бойынша өнім берушінің ТЭН міндетті пысықтауы туралы талап қамтылуы тиіс.

407. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға:

есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы күніне дейін жобаның ТЭН белгіленген тәртіппен бекіткенге дейін ТЭН әзірлеу жөніндегі іс-шараларды іске асыру барысы туралы ақпаратты береді.

## 46-тарау. Концессиялық жобаларды бағалауды және сараптауды қаржыландыруға арналған қаражатты бөлу тәртібі

408. Осымен концессиялық жобаларды бағалауды және сараптауды қаржыландыру бойынша бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражатын бөлу тәртібі анықталады.

Концессиялық жобаларды бағалауды және сараптауды қаржыландыру экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Концессиялық жобаларды бағалауды және сараптауды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен орта мерзімді кезеңге арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесінде көзделген.

409. Бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен концессиялық жобаларды бағалауды және сараптауды қаржыландыру үдерісі мынадай негізгі кезеңдерден тұратын іс-шаралар кешенін білдіреді:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің концессиялық жобаларды бағалауды және сараптауды өткізуді концессияға беруге ұсынылатын объектілер бойынша қаржыландыруға арналған өтінімдерді (бұдан әрі - Өтінім) табыс етуі;

2) бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен жүзеге асырылатын концессиялық жобаларды бағалауды және сараптауды қаржыландыру, жобалардың тізбесін қалыптастыру, қарау және бекіту;

3) концессиялық жобаларды бағалауды және сараптауды қаржыландыру.

410. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері орта мерзімді кезеңге арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекіткен күннен бастап он күн ішінде Өтінімдерді экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға ұсынады.

Өтінім осы Ереженің 57-қосымшасында көрсетілген нысанға сәйкес болуы және мынадай негізгі мәліметтерден тұруы тиіс:

1) жоба концессиясының атауы;

2) жоба концессиясының іске асырылуына жауапты бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі;

3) жоба концессиясын іске асырудың жалпы құны;

4) концессиялық жобаларды бағалау мен сараптаудың мәлімделген құны;

5) концессия объектісін іске асыру кезеңі.

Сондай-ақ өтінімге:

1) мынадай негізгі мәліметтері бар концессиялық жобаларды бағалаудың және оларға сараптама жүргізудің техникалық міндеттері:

концессиялық жобаларды бағалау және оларға сараптама жүргізудің міндеті, тапсырмасы және өзектілігі;

концессиялық жобаларды бағалау және оларға сараптама жүргізудің ортақ талаптары;

концессиялық жобаларды бағалау және сараптама жүргізудің мерзімдері;

2) концессиялық жобаларды бағалаудың және сараптаудың өтінілген құнын негіздейтін ақпарат;

3) басқа да мәліметтер қоса беріледі.

411. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Өтінімдер негізінде концессиялық жобаларды (бұдан әрі - Бөлу) бағалауға және сараптауға арналған қаражатты бөлу қаржыландыру жобасын қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

412. Республикалық бюджет комиссиясы Бөлу жобасын қарау нәтижелері бойынша концессияның әрбір объектісі бойынша концессиялық жобаларды бағалау мен сараптауды қаржыландыру сомасын айқындайды.

413. Бөлу мынадай негізгі мәліметтерді қамтуы тиіс:

концессия объектісінің атауы;

бюджеттік бағдарламаның әкімшісі;

концессия объектісі бойынша концессиялық жобаларды бағалау мен сараптауды қаржыландыру құны.

Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган егер қажет болған жағдайда Бөлу жобасын қалыптастыру барысында туындаған жекелеген мәселелерді қарау үшін қосымша ақпарат сұратады.

414. Концессияның әрбір объектісі бойынша концессиялық жобаларды бағалаудың және сараптаудың атауы мен қаржыландыру сомасынан тұратын Бөлу жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітіледі.

415. Концессиялық жобаларды бағалауды және сараптауды қаржыландыру бойынша бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты бекітілген Бөлу негізінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасында қаржылық жылдың ішінде бөлінуі тиіс.

416. Концессиялық жобаларды бағалауды және сараптауды қаржыландыру бюджеттік заңнамада және мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

417. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға:

концессиялық жобаларды бағалау және оларға сараптама жүргізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы ақпаратты концессиялық жобаларды бағалауды және сараптауды аяқтағаннан кейінгі 10 күн ішінде;

жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға қаржыландыруы бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен жүзеге асырылған концессиялық жобаларды бағалау және сараптау туралы өткен жылғы есепті береді.

## 9-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен есептілігі

### 47-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу тәртібі

418. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры Бюджет кодексінде белгіленген түсімдердің есебінен қалыптастырылады.

419. ҚР ҰБ Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын есепке алу және оны жұмсау үшін теңгелік шот және шетелдік валютада түсетін қаражаттың теңгелік баламасын есепке алу үшін теңгемен тиісті шот ашады.

420. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айдың басына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚР ҰБ-дағы шоттарына аударылатын түсімдер сомасының алдағы айға арналған болжамын ұсынады.

421. Ұлттық валютадағы түсімдер сомасы Ұлттық қордың ҚБШ-ға жіберіледі. Ұлттық қордың ҚБШ-да есепке алынатын ағымдағы жұмыс күні ішіндегі

түсімдер сомасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ҚР ҰБ-дағы Үкіметтің теңгелік шотына аударуы тиіс. Теңгелік шоттан қаражат келесі ай сайынғы кепілдік берілген трансфертті аудару шеңберінде жүзеге асырылатын алу үшін жеткілікті соманы жинақтағаннан кейін айырбасталады және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шотына шетел валютасында түседі.

Бұл ретте қаржы нарықтарының ағымдағы конъюнктурасына байланысты Ұлттық Банктің алты айға дейінгі мерзімге теңгемен Қордың есебінен түсімдерді айырбастауды кейінге қалдыруға құқығы бар.

*Ескерту. 421-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.02* N 313 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

422. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсімдер сомасын аударуды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган күн сайын ҚР ҰБ-нің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нысан бойынша төлем тапсырмасының негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін бюджетке түсетін түсімдердің артық төленген сомасын қайтарған немесе ол есепке алынған жағдайда Ұлттық қордың ҚБШ-ға дебеттік сальдоға рұқсат етіледі.

423. Артық төленген соманы қайтару немесе есепке алу осы Ереженің 68-71-тармақтарына сәйкес ҚР ҰБ-да ашылған шоттардан есептен алмастан уәкілетті органның шоттарында жүзеге асырылады.

424. Шетелдік валютадағы түсімдердің сомасы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шетелдік валютадағы корреспонденттік шоттарына есептеледі. Қайта айырбасталғаннан кейін теңгемен алынған сома Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ҚР ҰҚ-ның ҚБШ-ға жіберіледі. ҚР ҰҚ-ның ҚБШ-да ескерілетін ағымдағы жұмыс күні ішіндегі түсімдердің сомасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган дәл сол жұмыс күні шетелдік валютада түсетін қаражаттың теңгелік баламасын есепке алу үшін Үкіметтің тиісті шотына теңгемен аударуға тиіс.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ҚР ҰБ белгілеген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоттарына есептелетін шетелдік валютаны дәйекті түрде қайта айырбастау және айырбастау операциясы үшін хабарламалар , өтініштер беру және соманы теңгемен есептеу кестесін сақтайды.

425. ҚР ҰБ кастодиандардан алынған ақпараттың негізінде есепке алу әдісімен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан алынған инвестициялық кірістерді есепке алуды жүргізеді. Инвестициялық кірістердің сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры кастодианының шоттарында Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің құрамында көрсетіледі.

426. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Ережеге 58-қосымшаға сәйкес 2-26-нысан бойынша ай сайын есептіден кейінгі айдың бірінші күніне Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚР ҰБ-дағы шоттарына аударымдар туралы есепті береді.

427. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін өзге түсімдер мен кірістерді заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоттарына аударады.

## 48-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын пайдалану тәртібі

428. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын пайдалану Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген мақсаттарға ғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджетке берілетін кепілдік берілген трансферт түрінде жұмсау қаржы жылы ішінде тиісті кезеңге арналған түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарында бекітілгеннен артық емес көлемде жүзеге асырылады.

429. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттің ҚР Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансфертке қажеттілік көлемін ай сайын болжамдайды.

Даму бюджеттік бағдарламаларын қаржыландыру үшін қажет, алдағы айға арналған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдік берілген трансферттегі республикалық бюджет қажеттілігінің көлемін болжамдау республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы бюджет қаражатының қалдығын, алдағы айда республикалық бюджетке түсетін түсімдердің күтілетін көлемі және республикалық бюджет шығыстарының күтілетін атқарылуы туралы болжамдарды ескере отырып анықталады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттің түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілген күннен

бастап үш жұмыс күні ішінде ай сайын бөлінген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдік берілген трансферттің бекітілген көлемін ҚР ҰБ назарына жеткізеді және ҚР ҰБ аударуды жүзеге асыратын деректемелер туралы хабар береді.

430. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдік берілген трансферттің ақша қажеттілігінің қажет көлемін аудару ай сайын ҚР ҰБ-ға жіберілетін өтінімнің негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферт бөлуге арналған өтінімді (бұдан әрі - өтінім) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы өкілеттік берген тұлға қол қойған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің осы Ережеге 59-қосымшаға сәйкес 2-37 нысан бойынша әрбір айдың 25-күніне бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жасайды.

ҚР ҰБ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның өтінімі негізінде кепілдік берілген трансферттің өтінім жасалған сомасын оны алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде республикалық бюджеттің ҚБШ-ға аударады.

Өтінімді орындауға қажет Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының теңгедегі қаражатын есепке алу үшін Үкімет шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, ҚР ҰБ Басқармасы белгілеген тәртіппен ҚР ҰБ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін есепке алу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотынан шетел валютасындағы ақшаның немесе активтердің бөлігін қайта айырбастауды жүргізеді.

431. Республикалық бюджеттің болжамның негізінде анықталған бюджет ақшасы алдағы айға жеткілікті болған кезде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган әрбір айдың 25-і күніне ҚР ҰБ-ға хат жібереді, онда алдағы айға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферттің ақшасын аудару талап етілмейтіндігін хабарлайды.

432. Келесі айларда тиісті түзетумен белгілі бір айда кепілдік берілген трансферттің көлемін түзетуді (азайтуды не арттыруды) талап ететін факторлар туындаған кезде республикалық бюджет түсімдерінің және оны қаржыландырудың жиынтық жоспарына толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

433. Өткен қаржы жылында аударылмаған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферт сомасының есебінен ағымдағы қаржы жылының басында пайдаланылмаған сомадан артық емес көлемде өткен жылдың республикалық бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының 10 қаңтарына дейінгі мерзімде бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде республикалық бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша орындалмаған шарттардың тізбесін; өткен қаржы жылында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке аударылмаған кепілдік берілген трансферттің сомасы, өткен қаржы жылы іс-шараларды толық орындамау себептерін көрсете отырып бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және инвестициялық жобалар бөлігінде даму бюджеттік бағдарламалары бойынша қаржыландыру жоспарларының орындалуы туралы ақпаратты, сондай-ақ сыртқы қарыз қаражаты, гранттар және бюджеттік кредиттер есебінен іске асырылатын даму бюджеттік бағдарламаларын алып тастағанда, республикалық даму бюджеттік бағдарламалары және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлігінде инвестициялық жобалар бойынша орындалмаған шарттар тізбесін береді.

434. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органнан алынған ақпараттың негізінде бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгіленген тәртіппен республикалық бюджет комиссиясының карауына:

1) өткен қаржы жылында жасалған шарттар бойынша төленбеген міндеттемелері бар республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін;

2) өткен қаржы жылында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке аударылмаған кепілдік берілген трансферттің сомасы туралы ақпаратты;

3) ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті түзету жолымен төленбеген міндеттемелер бөлігінде республикалық бюджеттік даму бағдарламаларын (кіші бағдарламаларын) ағымдағы қаржы жылында қаржыландыру жөніндегі ұсынысты береді.

435. Республикалық бюджет комиссиясының шешімі негізінде бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жобаларын әзірлейді және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

436. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы және республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына қол қойылған күннен бастап бес күннің ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша өзгертілген жылдық жоспарды және ағымдағы қаржы жылында қаржыландыруға Республикалық бюджет комиссиясы мақұлдаған шарттардың тізбесін жеткізеді.

437. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган 438, 439-тармақтарда санамаланған нормативтік құқықтық актілердің негізінде осы Ереженің 6-тарауында анықталған тәртіппен түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына және міндеттемелер жөніндегі жиынтық қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізеді.

438. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет түсімдерінің және оны қаржыландырудың жиынтық жоспарының өзгерген сомасын оған өзгерістер енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ҚР ҰБ-ға жеткізеді.

439. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға байланысты шығыстарды жүзеге асыру үшін ҚР ҰБ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ақы төлеу үшін шот-фактура жібереді.

440. Жыл сайынғы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жүзеге асыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ҚР ҰБ-ға сыртқы аудитор ұсынған шот-фактураның көшірмесін және шығыстарды растау туралы хабарлама жібереді.

441. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ҚР ҰБ мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған сенімгерлік басқару туралы шартта (бұдан әрі - Сенімгерлік басқару туралы шарт) белгіленген мерзімде ҚР ҰБ-ға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы

өкілеттік берген тұлға қол қойған осы Ережеге 60-қосымшаға сәйкес 2-36-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шығыстарын растау туралы хабарлама жібереді.

ҚР ҰБ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шығыстарын растау туралы хабарламаның негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабуға арналған соманы Үкіметтің теңгелік шотынан есептен шығарады.

ҚР ББС кірістер сыныптамасына сәйкес түсімдер мен шығыстар (бір мезгілде ) ретінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) тікелей берушілерге аудару кезінде ескеріледі.

Осы Ережеде көзделген инвестициялық жобаның арнайы шотына қаражатты аударуды Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарыз қаражатын немесе грант беретін шетелдік кредит беруші немесе донор қарыз шартының немесе байланысты грант туралы келісімнің талаптарына сәйкес шоттан алуға арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі негізінде жүргізеді.

649. Инвестициялық жобаның арнаулы шотына осы шоттан бұрын жүргізілген шығыс операциялары бойынша қаражатты қайтару жағдайларын қоспағанда, қарыз шартының немесе байланысты грант туралы келісімнің талаптарына сәйкес көрсетілген шотты толықтыруға арналған үкіметтік сыртқы қарыз қаражатынан немесе гранттан басқа өзгеде қаражат есепке алынбайды.

650. Шоттардан осы шоттардан бұрын жүргізілген шығыс операциялары бойынша қаражатты қайтару жағдайларын қоспағанда, инвестициялық жобалармен байланысты бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) ұлттық немесе шетелдік валюталарында қаржыландырылады.

651. Бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотына шоттарға инвестициялық жобаның арнайы шоттарынан айырбасталған қаражат қана есепке алынады.

652. Екінші деңгейдегі банк пен бюджеттік бағдарлама әкімшісі арасында жасалған шартқа сәйкес екінші деңгейдегі банк есептейтін бюджеттік инвестициялық жобаның Арнайы шотындағы немесе арнайы шотқа жатқызылатын шоттағы қалдыққа есептелетін сыйақылар (мүдделер), сондай-ақ

екінші деңгейдегі банк төлейтін өсімақылар түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша республикалық бюджетке есептеуге жатады.

653. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерімен арнайы шоттар ашуға шарттар жасасқан кезде мынадай тармақтарды:

бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның халықаралық қарыз шартына немесе грант туралы келісімге сәйкес ашылған Арнайы шоттардағы қаражаттың қозғалысы туралы үзінді көшірмелерді алу құқығын;

банктің төлем күніне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша арнайы шоттан төлемдер жүргізу міндеттемесін көздеуі қажет.

Мемлекеттік мекемелердің екінші деңгейдегі банктердегі шоттарын ашу және жабу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

654. Үкіметтік қарыздарды және гранттарды бірлесіп қаржыландыру қаражатын жұмсауды бюджеттік бағдарлама әкімшісі төлеуге берілген шоттың және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынылатын осы Ережеге 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінімнің негізінде жүргізеді. Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінім екі қолтаңбалар тобымен расталады, онда бірінші топқа бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, ал екінші топқа - жобаны іске асыруға жауапты бюджеттік бағдарламаның әкімшісі қол қояды.

## 72-тарау. Мемлекет кепілгерлігімен қарыздар алу және оларды пайдалану тәртібі

655. Осы тарау мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздарды алу және пайдалану тәртібін сипаттайды (бұдан әрі - тарау) мемлекет кепілгерлігімен инфрақұрылымдық облигацияларды шығару арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаларды іріктеу рәсімін (бұдан әрі - инвестициялық жобалар) және мемлекеттік емес қарыздар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет кепілгерлігін беру рәсімін (бұдан әрі - мемлекет кепілгерлігі) анықтайды.

656. Мемлекет кепілгерлігін беру үдерісі мынадай негізгі кезеңдерді білдіретін іс-шаралар кешенін қамтиды:

инвестициялық жобаларды іріктеу;

басым бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесін қалыптастыру, қарау және бекіту;

мемлекет кепілгерлігін беру.

657. Мемлекет кепілгерлігін беру үдерісінің негізгі қатысушылары қарыз алушылар, салалық уәкілетті органдар, экономикалық жоспарлау жөніндегі, бюджетті атқару, қоршаған ортаны қорғау, еңбек жөніндегі уәкілетті орган, Республикалық бюджет комиссиясы, облигацияларды ұстаушылардың өкілі немесе қарыз алушы болып табылады.

658. Қарыз алушылар:

инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі - ТЭН) және бизнес-жоспарларын дайындауды жүзеге асырады;

осы Ережеге және мемлекет кепілгерлігін беру үдерісіне қатысушылардың талаптарына сәйкес инвестициялық жобаларды қарау үшін талап етілетін құжаттаманы беруді қамтамасыз етеді;

жыл сайын қарыз берушіге және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға бұрынғы сақтандыру шартының мерзімі өткенге дейін бір айдан кешіктірмей сақтандыру шартын береді;

концессиялар шартын жасасады;

облигацияларды ұстаушылардың өкілімен облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарт жасасады.

659. Салалық уәкілетті органдар:

инвестициялық жобалардың салалық сараптамасын жүргізеді;

салалық сараптама нәтижелері бойынша тиісті қорытындыны береді;

концессиялар шартын жасасады.

660. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган:

инвестициялық жобалардың қаржылық сараптамасын жүзеге асырады;

мемлекет кепілгерлігімен мемлекеттік емес қарыздарды беру шарттары бойынша ықтималдармен келіссөздер жүргізеді;

кепілгерлік шартын жасасады;

мемлекет кепілгерлігін береді.

661. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық уәкілетті орган жоспарланған қызметті іске асыруға, оларды іске асыру туралы шешім қабылдау алдындағы кезеңдегі жоспарланған қызметтің экологиялық талаптарына сәйкестігін бағалауға байланысты ықтимал теріс салдарлардың алдын алу және өндірістік күштерді орналастыру және дамыту салдарынан экологиялық

жағдайдың болжамданған өзгеруін сараптамалық қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық жобаның мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүзеге асырады.

662. Еңбек жөніндегі орталық уәкілетті мемлекеттік орган ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында инвестициялық келісім-шарттар жобаларын сараптауды жүзеге асырады.

663. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган:

инвестициялық жобаларды экономикалық сараптауды жүзеге асырады және концессионер қызметін мемлекеттік қолдау құнын бағалау шеңберінде қорытынды береді;

жоспарлы кезеңге арналған мемлекет кепілгерлігін беру лимиті жөніндегі ұсынысты, келесі қаржы жылының лимиті шеңберінде мемлекет кепілгерлігін беру мүмкін болатын инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді .

664. Әділет органы кепілгерлік шарттарын және концессия шарттарын заңды сараптауды жүргізеді.

665. Облигацияларды ұстаушыларының өкілі:

1) эмитенттің қарыз берушілер алдында облигациялар шығару проспектісі белгілеген міндеттемелерді орындауын бақылайды;

2) эмитенттің қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету болып табылатын мүлік жағдайын бақылайды;

3) эмитенттің қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету болып табылатын мүлікке қатысты эмитентпен кепіл шартын жасасады;

4) қарыз берушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған шаралар қабылдайды;

5) қарыз берушілерге осы тармақтың 1)-3) тармақшаларына сәйкес өз іс-әрекеттері және мұндай іс-әрекеттер нәтижелері туралы хабарлайды;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен кепілгерлік шартын жасасады;

7) қарыз алушымен облигацияларды ұстаушыларының мүдделерін білдіру туралы шарт жасасады;

8) облигацияларды ұстаушыларының мүдделерін білдіру туралы шартты бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға береді.

666. Республикалық бюджет комиссиясы:

жоспарланып отырған кезеңге мемлекет кепілгерлігін беру лимитін анықтайды;

инвестициялық жобалардың тізбесін анықтайды;

жоспарланып отырған кезеңге мемлекет кепілгерлігін беру лимиті шегінде әрбір инвестициялық жоба үшін мемлекет кепілгерлігінің мөлшерін анықтайды.

667. Мемлекет кепілгерлігін беру үдерісіне өз құзыретінің бөлігінде инвестициялық жобаларды бағалауды (сараптауды) жүргізуге заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар қатысады.

**73-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу**

668. Мемлекет кепілгерлігін беру мүмкін болатын жобаларды іріктеу Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен орта мерзімді кезеңге арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілер тізбесін қалыптастыру шеңберінде жүзеге асырылады.

669. Жобаны тиісті қаржы жылының лимиті шеңберінде мемлекет кепілгерлігін беру мүмкін болатын жобалар тізбесіне енгізу үшін концессиялар жөніндегі конкурсты ұйымдастырушы тиісті жылдың 1 шілдесіне дейін экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға өтінім береді.

670. Тиісті жылдың 1 шілдесінен кейін берілген өтінімдер келесі қаржы жылының лимиті шеңберінде мемлекет кепілгерлігін беру мүмкін болатын жобалар тізбесін қалыптастыру шеңберінде қарауға жатады.

671. Концессия жөніндегі конкурсты ұйымдастырушылардың өтінімі жобаны қаржыландыру жылдары бойынша бөле отырып, концессия жөніндегі комиссия бекіткен жобаға арналған мемлекет кепілгерлігінің мөлшерін қамтуы тиіс.

Өтінімге концессия жөніндегі комиссияның концессионер қызметін мемлекеттік қолдау нысаны ретінде мемлекет кепілгерлігінің мөлшерін бекіту туралы шешімі қоса беріледі.

Қажет болған жағдайда, экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті қаржы жылының лимиті шеңберінде мемлекет кепілгерлігін беру мүмкін болатын жобалар тізбесін қалыптастыру барысында туындайтын жекелеген мәселелерді қарау үшін қосымша ақпарат сұратады.

672. Қарыз алушының қызметін қолдау түрінде берілетін жоба бойынша мемлекет кепілгерлігінің мөлшерін экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның концессионер қызметін мемлекеттік қолдау құнын бағалау жөніндегі қорытындысы негізінде жобаны және концессия шартының талаптарын нақтылау кезеңінде концессиялар жөніндегі комиссия бекітеді.

673. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган концессионер қызметін мемлекеттік қолдау құнын бағалау жөніндегі қорытындыны береді және инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасын өткізуді ұйымдастырады және концессиялар жөніндегі конкурсты ұйымдастырушы ұсынған:

ТЭН;

Жобаны сараптау жөніндегі тәуелсіз сарапшылардың қорытындысы, салалық сараптаманың және заңнамаға сәйкес қажет басқа да сараптамалардың оң қорытындысы негізінде экономикалық сараптау қорытындысын дайындайды.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес толық емес құрамда берілген құжаттарды экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қарамайды.

674. Инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасы - осы Ережеде көзделген сараптамалар жөніндегі қорытындылар негізінде жобаның ТЭН әзірлеу шеңберінде жүргізілген инвестициялық жобаны экономикалық талдауды кешенді бағалау, ол мыналарды қамтиды:

жоба мақсаттарының мемлекеттік инвестициялар басымдықтарына сәйкес келуін бағалау;

экономикалық талдауды бағалау;

инвестициялық жоба іске асырылған жағдайда республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін салықтық түсімдердің ағынын талдау.

675. Осы тарауда көрсетілген сараптамаларды жүргізу үшін қажет құжаттар тізбесін тиісті мемлекеттік органдар және өзге ұйымдар анықтайды.

## 74-тарау. Мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылған инвестициялық жобалар тізбесін қалыптастыру, қарау және бекіту

676. Республикалық бюджет комиссиясы жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде жоспарланып отырған үш жылдық кезеңге мемлекет кепілгерлігін беру лимитін анықтайды.

677. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті жылдың 20 шілдесінен кешіктірмейтін мерзімде жобалар бойынша экономикалық сараптама қорытындыларын қоса бере отырып, инвестициялық жобалардың экономикалық

сараптамасының қорытындылары негізінде мемлекет кепілгерлігімен инфрақұрылымдық облигацияларды шығару арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

678. Республикалық бюджет комиссиясы тиісті қаржы жылының лимиті шеңберінде мемлекет кепілгерлігін беру мүмкін болатын жобалар тізбесінің жобасын қарау кезінде жобалар арасында тиісті жылға арналған мемлекет кепілгерлігін беру лимитін бөлуді анықтайды.

679. Республикалық бюджет жобасын қалыптастыру барысында экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп инвестициялық жобалар тізбесін пысықтайды және әрбір инвестициялық жоба бойынша мемлекет кепілгерлігінің сомасын қайта қарайды.

680. Республикалық бюджет комиссиясының қарауы нәтижелері бойынша мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылған инвестициялық жобалар тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жеке шешіммен бекітіледі және жариялауға жатады.

## 75-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекет кепілгерлігін беру рәсімі

681. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекетті емес қарыз есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесін бекіткеннен кейін салалық уәкілетті орган қарыз алушымен концессия шартын жасасады.

682. Қарыз алушылар ТЭН жобасын, инфрақұрылымдық облигациялардың проспектісін, салалық сараптаманың, экономикалық сараптаманың және заңнамаға сәйкес қажет басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын ұсынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық жобаның сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады және екі ай ішінде тиісті қорытындыны әзірлейді.

683. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның инвестициялық жобаның сараптамасы бойынша қорытындысы мыналарды:

мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздың қаржылық шарттарын;

мемлекет кепілгерлігін алғаны туралы өтінім білдіргенге дейін үш жылдан кем емес кезең ішіндегі қарыз алушының қаржылық жай-күйін және заңды мәртебесін;

қарыз алушы берген мемлекет кепілгерлігі бойынша қамтамасыз етілуін;

қаржылық және техникалық тәуекелдерді;

мемлекет кепілгерлігін алуға үміткер тұлғаларға қойылатын Бюджет кодексінің талаптарына қарыз алушының сәйкес келуін бағалауды қамтиды.

684. Мемлекет кепілгерлігі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген барлық қажет талаптарды қанағаттандырған жағдайда мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыз қайтарымын қамтамасыз ету жөніндегі сақтандыру шартын ресімдегеннен және бергеннен, қарыз алушы мемлекет кепілгерлігін бергені үшін біржолғы төлемді (алымды) алдын ала төлегенінен кейін беріледі.

Бұл ретте, сақтандыру шартын беру мерзімдері мен шарттары және қарыз қайтарымын қамтамасыз ету жөніндегі сақтандыру шартына қойылатын талаптар кепілгерлік шартында көзделеді.

685. Облигацияларды ұстаушыларының мүдделерін білдіру туралы шарт мыналарды қамтиды:

Қарыз алушыларға қойылатын талаптарды:

а) қарыз бойынша ағымдағы міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін қажетті алдағы төлемдер мөлшерінде шартты салымның (қызмет көрсету шотының) арнайы шотында ақша сомасын жинауды жүргізу;

б) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушыларының өкіліне банктік шоттардағы, оның ішінде ҚР ҰБ және екінші деңгейдегі банктердегі мәліметтерді заңнамада белгіленген тәртіппен ұсыну;

в) сенім білдірілген өкілге мемлекеттік емес қарыз толық өтелгенге дейін жыл сайынғы бизнес-жоспарды ұсыну;

г) қаржылық есептіліктің үлгілік нысанын (бухгалтерлік балансты, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепте) және қаржылық жай-күйін анықтайтын басқа да қажетті құжаттарды облигацияларды ұстаушыларының өкіліне ай сайын ұсыну;

Облигацияларды ұстаушыларының өкілі қарыз алушының қаржы-экономикалық жай-күйіне талдау жүргізуі және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға тиісті талдау қорытындылары туралы ақпаратты ұсынуы қажет.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қарыз алушымен және сенім білдірілгенмен бірлесіп анықтайтын шартты салымның арнайы шотына ақша аударудың нормасы мен кезеңділігін (кестесін) қамтиды.

Ақшаны қарыз алушы шартты салымның арнайы шотына салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін келісімге сәйкес тиісті соманы тұрақты аудару арқылы аударады.

Жинау мерзімі мен шартты салымның арнайы шотының (қызмет көрсету шотының) қаражатын қалпына келтіру мерзімін бұзған жағдайда қарыз алушы әрбір жолсыздық жағдайы үшін алдағы төлемдер сомасынан мерзімі өткен әрбір күн үшін нөл бүтін оннан бір пайыз мөлшерінде айыппұл төлейді.

686. Мемлекет кепілгерлігін алуға үміткер тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған талаптарға сәйкес болуы тиіс.

687. Мемлекет кепілгерлігі әрбір инвестициялық жоба бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары негізінде беріледі.

688. Кепілгерлік шарты нысанындағы мемлекет кепілгерлігі екі данада ресімделеді.

## 12-бөлім. Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлауға жаңа тәсілдер енгізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мемлекеттік органдар мен өңірлерге арналған бюджеттік үдерістің ерекше тәртібі (бұдан әрі - пилоттық жобалар)

*Ескерту. 12-бөліммен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.02* N 313 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

### 76-тарау. Жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу

689. Мемлекеттік мекемелердің шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері арасындағы сомаларды азайтуды (арттыруды) талап ететін факторлар туындаған жағдайда, тиісті бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жеке қаржыландыру жоспарларының бекітілген жылдық сомалары шегінде бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасына сәйкес міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына өтінімді қалыптастырмай және бюджеттік бағдарлама әкімшісінің келісімінсіз өзгерістер енгізуге құқығы бар.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды, сондай-ақ мемлекеттік борышқа қызмет көрсету және оны өтеу бойынша бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын

мемлекеттік мекемелерге ағымдағы ай бойынша ғана айына кемінде бір рет өзгертуге жол беріледі.

Бюджет кодексінде айқындалған жағдайларда, сондай-ақ бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды және мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуді және оны өтеуді көздейтін бағдарламаларды бөлген кезде жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер осы Ереженің 6-тарауында айқындалған тәртіппен енгізіледі.

690. Жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу үшін мемлекеттік мекеме екі данада осы Ережеге 25-3, 25-4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша анықтаманы қалыптастырады. Анықтамалардағы өзгерістер сомалары бөлшек қалдықтары бар, бірақ үтірден кейін бір белгісі бар сандармен мың теңгемен көрсетіледі.

691. Анықтаманы жасау кезінде мемлекеттік мекеме мынадай талаптарды сақтауға тиіс:

ағымдағы айдан алдағы айларға және керісінше ерекшеліктер сомасын аударуға тыйым салынады;

жоспарлы тағайындаулар, рұқсаттар мен кассалық шығыстардың сомалары арасындағы сәйкестікті сақтау;

төлемдер бойынша жоспарлардың сомасы жылдың басынан басталған кезеңде сол қаржы жылының кезеңіне міндеттемелер бойынша жоспарлардың сомасынан асып кетпеуі тиіс болған кезде міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарлары мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары арасындағы арақатынасты сақтау;

қабылданған, бірақ ақысы төленбеген міндеттемелер;

инкассалық өкімдердің болуы;

жоспарлы соманы және шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша берілген рұқсаттарды азайту қабылданған міндеттемелерді шегере отырып, жоспарлы тағайындаулардың сомасына жүргізіле алады;

жоспарлы сомаларды бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының бір-бір ерекшеліктері бойынша арттыру (азайту) жеке қаржыландыру жоспарында көзделген бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша айдың қорытынды сомасының шегінде басқа ерекшеліктер бойынша жоспарлы соманы азайту (арттыру) есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысымен қабылданған бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жылдық сома шегінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік мекеменің анықтамасына қаржыландыру жоспарын жасауға жауапты мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды және орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адам), ал мұндай болмаған жағдайларда - мемлекеттік мекеменің басшысы бекітеді және қоса берілетін есептеулермен және өзгерістердің негіздемесімен бірге қағаз және магнит тасығыштарында мемлекеттік мекемеге қызмет көрсету орны бойынша орындау үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне беріледі.

692. Анықтама аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ағымдағы айдың жетісі күніне дейін, ал ағымдағы қаржы жылының соңғы айында оны күніне дейін екі данада беріледі.

693. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік мекеме анықтаманы бергеннен кейін осы Ереженің 691-тармағында белгіленген талаптардың сақталуын тексеруді жүзеге асырады.

694. Осы Ереженің 689, 690, 691 және 692-тармақтарының нормалары сақталмаған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша негіздеме бере отырып, анықтаманы орындаусыз қайтарады.

695. Анықтама осы Ереженің талаптарына сәйкес келген кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі екі жұмыс күнінің ішінде ҚБАЖ-ға мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу жөніндегі анықтама жүргізеді және анықтама жүргізгеннен кейін бір данасын мемлекеттік мекемеге береді, екіншісін өзінде қалдырады.

696. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі анықтаманы бекіткеннен кейін бір жұмыс күнінің ішінде оны ҚБАЖ енгізу арқылы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің жеке қаржыландыру жоспарларына енгізілген өзгерістер туралы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ақпарат береді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган екі жұмыс күнінің ішінде осы Ережеге 68 және (немесе) 69-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік мекемелердің жеке қаржыландыру жоспарларына енгізілген өзгерістер туралы есепті қалыптастырады және оны электрондық түрде тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне жеткізеді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі екі жұмыс күнінің ішінде осы Ережеге 68 және (немесе) 69-қосымшаларға сәйкес жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің жеке қаржыландыру жоспарларына енгізілген өзгерістер туралы есепті қалыптастырады және оны электрондық түрде жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісіне және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жеткізеді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есепті алғаннан кейін екі жұмыс күнінің ішінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға осы Ереженің 6-тарауында айқындалған тәртіппен міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге өтінім ұсынады, соңғылары түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарларына, міндеттемелер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамалар қалыптастырады.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарларына, міндеттемелер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарына енгізілген өзгерістер туралы анықтаманың бір данасын екі жұмыс күнінің ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 27, 28-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қағаз және магнит тасығыштарында береді.

## 77-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың нысаналы трансферттерді пайдалануы

697. Пилоттық жобалар үшін қаржы жылының ішінде жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыруға бағытталған нысаналы трансферттердің жете пайдаланылмаған, оның ішінде конкурстық рәсімдердің нәтижелері бойынша үнемдеу есебінен сомасы жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансферттердің аз көлемін пайдалана отырып, ағымдағы қаржы жылында аяқталған жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкі нәтижелерге қол жеткізген жағдайда жоғары тұрған бюджетке қайтаруға жатпайды.

Бұл ретте тиісті жергілікті атқарушы орган тиісті бюджетті түзету жолымен бюджет комиссиясының шешімі бойынша тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу тиімділігін бағалаудың оң нәтижелері негізінде жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыруға бағытталған нысаналы трансферттердің қалған сомасын басқа жергілікті бюджеттік бағдарламаларға пайдалана алады.

## 78-тарау. Бюджеттік бағдарламалардың паспортымен бекітілген индикаторларға қол жеткізген жағдайда бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) арасында қаражатты қайта бөлу тәртібі

698. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) атқару мониторингінің негізінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламалардың паспортында бекітілген индикаторларға қол жеткізген жағдайда қаражат бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) арасында қайта бөліне алады.

699. Қаражатты бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының бір функционалдық тобы мен бір әкімшінің шегінде республикалық бюджеттік бағдарламалардың арасында қайта бөлген кезде республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, сондай-ақ республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы тиісті негіздемелермен бірге ұсыныстарды бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға енгізеді.

Берілген құжаттарды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде қарайды. Ұсынылатын бөлу осы Ереженің 698-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ұсыныстарын қайтарады және оны ресми түрде хабардар етеді. Оң шешім болған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі белгіленген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді, сондай-ақ республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына өзгерістер енгізеді.

700. Қаражатты бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының бір функционалдық тобы мен бір әкімшінің шегінде жергілікті бюджеттік бағдарламалардың жекелеген әкімшілерінің жергілікті бюджеттік бағдарламалар арасында қайта бөлген кезде жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына, сондай-ақ жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы тиісті негіздемелермен бірге ұсыныстарды экономикалық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға енгізеді.

Берілген құжаттарды экономикалық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде қарайды. Ұсынылатын бөлу осы Ереженің 698-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда экономикалық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ұсыныстарын қайтарады және оны ресми

түрде хабардар етеді. Оң шешім болған жағдайда жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі белгіленген тәртіппен мәслихаттың тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулының жобасын әзірлейді, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына өзгерістер енгізеді.

701. Қаражатты бір бюджеттік кіші бағдарлама шегінде бюджеттік бағдарламалардың арасында қайта бөлген кезде республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі белгіленген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулының жобасын, сондай-ақ тиісті негіздемелермен бірге республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға келісуге енгізеді.

Берілген құжаттарды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде қарайды. Ұсынылатын бөлу осы Ереженің 698-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ұсыныстарын қайтарады және оны ресми түрде хабардар етеді. Оң шешім болған жағдайда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгіленген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобаларын келіседі, сондай-ақ республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрықты бекітеді.

702. Қаражатты бір бюджеттік кіші бағдарлама шегінде бюджеттік бағдарламалардың арасында қайта бөлген кезде жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі белгіленген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жергілікті атқарушы орган қаулысының жобасын, сондай-ақ тиісті негіздемелермен бірге жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды экономикалық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келісуге енгізеді.

Берілген құжаттарды экономикалық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі

жергілікті уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде қарайды. Ұсынылатын бөлу осы Ереженің 698-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда экономикалық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ұсынысын қайтарады және оны ресми түрде хабардар етеді. Оң шешім болған жағдайда экономикалық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган белгіленген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы орган қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жергілікті атқарушы органның қаулысының жобасын келіседі, сондай-ақ жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрықты бекітеді.

703. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 701, 702-тармақтарында көрсетілген бұйрықтардың негізінде осы Ереженің 6-тарауында айқындалған тәртіппен түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына және міндеттемелер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарына тиісті өзгерістер енгізеді.

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылу ережесіне
1-қосымша

*Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.02* N 313 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

**Төлемдер бойынша мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарының жобасы**

Өңір_______________________________________________

Бюджеттің түрі____________________________________

Кезең_____________________________________________

Өлшем бірлігі_____________________________________

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі_____________

Мемлекеттік мекеме___________________________

| Әкімшінің коды Мемлекеттік мекеменің коды Бағдарлама Кіші бағдарлама Ерекшелік | Шығыстардың атауы | Бір жылға арналған қаржылық жоспар | Айлар бойынша жоспар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

| |
|---|
| |
| |

кестенің жалғасы

| Айлар бойынша жоспар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адам/
мемлекеттік мекеменің басшысы ____________ ____________________
(қолы) қолды таратып жазу)
М.О.
Қаржыландырудың жеке жоспарын жасауға жауапты мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесінің басшысы ____________ ____________________
(қолы) (қолды таратып жазу)

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесіне
2-қосымша

*Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.02* N 313 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

"Бекітемін"
Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (орталық атқарушы жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адам)/бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы
____________________(Т.А.Ә.)
200__жылы "_______"

М.О.

**Төлемдер бойынша мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспары**

Өңір____________________________________________
Бюджеттің түрі_______________________________________

Кезең_____________________________________________
Өлшем бірлігі____________________________________
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі______________
Мемлекеттік мекеме________________________________

| Әкімшінің коды Мемлекеттік мекеменің коды Бағдарлама Кіші бағдар-лама Ерекшелік | Шығыстар-дың атауы | Бір жылға арнал-ған қаржы-лық жоспар | Айлар бойынша жоспар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Айлар бойынша жоспар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Мемлекеттік мекеменің басшысы* ___________ ____________________
(қолы) (қолды таратып жазу)
М.О.

Қаржыландырудың жеке жоспарын
жасауға жауапты мемлекеттік мекеменің
құрылымдық бөлімшесінің басшысы ___________ ____________________
(қолы) (қолды таратып жазу)

*Мемлекеттік мекеме бір уақытта бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болған жағдайда бұл жол толтырылмайды

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылу ережесіне
3 - қ о с ы м ш а

*Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

**Мемлекеттік мекемені міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарының жеке жобасы**

Өңір ________________________
Бюджеттің түрі ______________
Кезең ________________________
Өлш.бірлігі _________________
Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі__________
Мемлекеттік мекеме __________

| Әкімшінің коды Мемлекеттік мекеменің коды Бағдарлама Кіші бағдарлама | Шығыстардың атауы | Бір жылға арналған қаржылық жоспар | Айлар бойынша жоспар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Айлар бойынша жоспар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндай болмаған жағдайда - Мемлекеттік мекеменің басшысы

__________ ______________________
(қолы) (қолдың толық жазылуы)

М.О

Қаржыландырудың жеке жоспарын
жасауға жауапты мемлекеттік мекеменің
құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____________ ____________________
(қолы) (қолдың толық жазылуы

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылу ережесіне
4 - қосымша

*Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.02* N 313 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

"Бекітемін"
Орталық атқарушы органның жауапты
хатшысы (орталық атқарушы жауапты
хатшысының өкілеттіктері жүктелген
лауазымды адам)/бюджеттік
бағдарламалар әкімшісінің басшысы
____________________(Т.А.Ә.)
200__жылы "_______"
М.О.

**Міндеттемелер бойынша мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспары**

Өңір_____________________________________________
Бюджеттің түрі_____________________________________
Кезең_____________________________________________
Өлшем бірлігі_____________________________________
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі______________
Мемлекеттік мекеме_______________________________

| Әкімшінің коды Мемлекеттік мекеменің коды Бағдарлама Кіші бағдар- лама Ерекшелік | Шығыстар- дың атауы | Бір жылға арнал- ған қаржы- лық жоспар | Айлар бойынша жоспар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Айлар бойынша жоспар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Мемлекеттік мекеменің басшысы* ___________ ____________________

(қолы) (қолды таратып жазу)

М.О.

Қаржыландырудың жеке жоспарын
жасауға жауапты мемлекеттік мекеменің
құрылымдық бөлімшесінің басшысы ___________ ____________________

(қолы) (қолды таратып жазу)

*Мемлекеттік мекеме бір уақытта бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болған жағдайда бұл жол толтырылмайды

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылу ережесіне
5 - қосымша

*Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.02* N 313 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

## Төлемдер бойынша бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарының жобасы

Бюджеттің түрі___________________________________
Кезең__________________________________________
Өл. бірлігі___________________________________
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі_____________

| Функционалдық топ<br>Әкімші<br>Бағдарлама<br>Кіші бағдарлама<br>Ерекшелік | Шығыс-тардың атауы | Бір жылға арнал-ған қаржы-лық жоспар | Айлар бойынша жоспар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Айлар бойынша жоспар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адам/
мемлекеттік мекеменің басшысы ___________ ____________________
(қолы) (қолды таратып жазу)
М.О.

Қаржыландырудың жоспарын жасауға жауапты
бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің
құрылымдық бөлімшесінің басшысы ___________ ____________________
(қолы) (қолды таратып жазу)

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылу ережесіне
6 - қ о с ы м ш а

*Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.02* N 313 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

"Бекітемін"
Орталық атқарушы органның жауапты
хатшысы (орталық атқарушы жауапты
хатшысының өкілеттіктері жүктелген
лауазымды адам)/бюджеттік
бағдарламалар әкімшісінің басшысы
____________________(Т.А.Ә.)
200__жылы "_______"
М.О.

**Төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспары**

Бюджеттің түрі___________________________________
Кезең____________________________________________
Өлшем бірлігі____________________________________
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі______________

| Функционалдық топ Әкімші Бағдарлама Кіші бағдарлама Ерекшелік | Шығыстардың атауы | Бір жылға арналған қаржылық жоспар | Айлар бойынша жоспар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр |
| | | | | | | | |

| |
|---|
| |
| |

кестенің жалғасы

| Айлар бойынша жоспар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Қаржыландырудың жоспарын жасауға жауапты
бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің
құрылымдық бөлімшесінің басшысы ___________ ____________________
(қолы) (қолды таратып жазу)

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылу ережесіне
7 - қ о с ы м ш а

*Ескерту. 7-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

**Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарының жобасы**

Бюджеттің түрі ______________
Кезең _______________________
Өлш.бірлігі _________________
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі__________

| Функционалдық топ<br>Әкімші<br>Бағдарлама<br>Кіші бағдар-лама<br>Ерекше-лік | Шығыс-тар-дың атауы | Бір жылға арнал-ған қаржы жоспар | Айлар бойынша жоспар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | мамыр |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Айлар бойынша жоспар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндай болмаған жағдайда - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы __________ ______________________

(қолы) (қолдың толық жазылуы)

М.О

Қаржыландыру жоспарын
жасауға жауапты бюджеттік бағдарламалар
әкімшісінің құрылымдық
бөлімшесінің басшысы _____________ ____________________

(қолы) (қолдың толық жазылуы)

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылу ережесіне
8 - қосымша

*Ескерту. 8-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.25* N 283 *Қаулысымен.*

" **Бекітемін** "
Бюджеттік бағдарламалар
әкімшісінің басшысы
________________Аты-жөні

200__ж."__"_______
М.О

**Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары**

Бюджеттің түрі _____________
Кезең _______________________
Өлш.бірлігі _________________
Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі__________

| Функционалдық топ Әкімші Бағдарлама Кіші бағдар-лама Ерекше-лік | Шығыс-тар-дың атауы | Бір жылға арнал-ған қаржы жоспар | Айлар бойынша жоспар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Айлар бойынша жоспар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндай болмаған жағдайда - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы __________ ______________________
(қолы) (қолдың толық жазылуы)

М . О

Қаржыландыру жоспарын
жасауға жауапты бюджеттік бағдарламалар
әкімшісінің құрылымдық
бөлімшесінің басшысы _____________ ____________________
(қолы) (қолдың толық жазылуы)

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылу ережесіне
9-қосымша

**Республикалық (жергілікті) бюджетке кірістердің түсу жоспарының жобасы _____ жылға арналған**

Айы ______________
Күні _____________
Өлш.бірлігі _________________

| Санат | Түсім-дердің атауы | Түсімдер жоспары, соның ішінде облыстар, Астана, Алматы қалалары | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сынып | | | | | | | | |
| Кіші сынып | | | | | | | | |
| Ерек-шелік | | Ақмола | Ақтөбе | Алматы | Атырау | ШҚО | Жамбыл | БҚО |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Түсімдер жоспары, соның ішінде облыстар, Астана, Алматы қалалары | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қараған-ды | Қызылор-да | Қоста-най | Маңғыс-тау | Павлодар | СҚО | ОҚО | Ал-маты |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | қ. |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Түсімдер жоспары, соның ішінде облыстар, Астана, Алматы қалалары | |
|---|---|
| Астана қ. | Республика бойынша жиыны |
| | |
| | |
| | |

Салық, кедендік және бюджетке
төленетін басқа міндетті
төлемдердің атқарылуын бақылау
жөніндегі мемлекеттік органның
басшысы __________ ________________________________
(қолы) (қолдың толық жазылуы)
М.О

Салық, кедендік және бюджетке
төленетін басқа міндетті
төлемдердің атқарылуын бақылау
жөніндегі мемлекеттік органның
құрылымдық бөлімшесінің
басшысы __________ ________________________________
(қолы) (қолдың толық жазылуы)

* Жергілікті бюджеттер үшін тиісінше аудандар, облыстық маңызы бар қала көрсетіледі.

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылу ережесіне
10-қосымша

**Бюджетке түсетін түсімдер (кірістер, кредиттерді өтеу, қаржылық активтерді сатудан, қарыздар) жоспарының жобасы**

Бюджеттің түрі ______________
Кезең ________________________
Күні _____________
Өлш.бірлігі _________________

| Санат Сынып Кіші сынып Ерек-шелік | Түсім-дердің атауы | Бір жылға арнал-ған қаржы жоспар | Айлар бойынша жоспар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Айлар бойынша жоспар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Түсімдердің орындалу мәселелеріне
жетекшілік ететін, бюджеттің
орындалуы жөніндегі уәкілетті органның
басшысы __________ ______________________________
(қолы) (қолдың толық жазылуы)

Түсімдер жоспарын жасауға жауапты
бюджеттің орындалуы жөніндегі уәкілетті
органның құрылымдық бөлімшесінің
басшысы __________ ______________________________
(қолы) (қолдың толық жазылуы)

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылу ережесіне
11-қосымша

" **Бекітемін** "
Бюджеттің атқарылуы жөніндегі
уәкілетті органның басшысы
________________Аты-жөні
200__ж."__"_______
М.О

**Бюджетке түсетін түсімдердің (кірістер, кредиттерді өтеу, қаржылық активтерді сатудан, қарыздар) жоспары**

Бюджеттің түрі ______________
Кезең _______________________
Күні _____________
Өлш.бірлігі _________________

| Санат Сынып Кіші сынып Ерек-шелік | Түсім-дердің атауы | Бір жылға арнал-ған қаржы жоспар | Айлар бойынша жоспар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Айлар бойынша жоспар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Бюджеттің атқарылуы

жөніндегі уәкілетті органның
құрылымдық бөлімшесінің
басшысы __________ _______________________________
(қолы) (қолдың толық жазылуы)

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылу ережесіне
12-қосымша

" **Бекітемін** "
Бюджеттің атқарылуы жөніндегі
уәкілетті органның басшысы
________________Аты-жөні
200__ж."__"_______
М.О

